

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

9/2013 ҚЫРКҮЙЕК

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

Басшылыққа алар тірегіңіз

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,	«Абайтану» элективті курс	
Фариза БАҚҚАЛИҚЫЗЫ.	бағдарламасы.....	3
Мәдина БЕЛГІБАЙҚЫЗЫ.	Қазақ тілі сабағында оқушылардың жұмысын ұйымдастыру.....	22

Мұғалімдерге көмек

Эльмира ОМАРОВА.	Белсенді ортаны ұйымдастыру – мұғалімнің кәсіби шеберлігінде.....	40
Жанар ҚОЖАБЕРГЕНОВА.	Дарынды оқушыны дамыту – ұстаз парызы.....	47

Тиімді әдіс – баришаға ортақ

Сандұғаш САМАШЕВА,	Жеке даму бағдарламасы бойынша жүйелі жұмыс.....	55
Жанар ӘЗІРБАЕВА.		

Әдеби кеш

Майра БЕЙСЕБЕКОВА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Қамар сұлу».....	58
--------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Зәуреш ҚАЙЫРОВА.	Бұл қай кезде болады?.....	74
Ботакөз ОМАРОВА.	Ұялы телефонның грамматикалық тапсырмасы.....	78
Венера СУФИЯНОВА.	Мамандыққа қатысты сөздер.....	81
Сәуле ТҰРАРҚЫЗЫ.	Жаңа сөздер мен адамның дене мүшелері.....	85
Зарина МӘМБЕТОВА.	Бастауыш пен баяндауыш қонағы – қазақтың дастарқаны.....	89
Тиыштық ӘБЕТАЕВА.	Математикалық дыбыстық мінездеме.....	94
Гүлсім БАЙДӘУЛЕТОВА.	Грамматика және ел қорғаған батырлар.....	97

Ойын – ойдың өрісі

Алмагүл ЖОЛДАСОВА,	Қазақ тілі сабағындағы ойын түрлері.....	100
Майя ШӘКЕНОВА.		

Білім негізі – бастауышта

Райхан БЕРДІБЕКОВА.	Мен нені үйрендім?	102
Орал ҚЫРҚАРБЕКОВА.	Бақтағы қазақша атаулар.....	106

Білім сынағында

Бақыт СЕГІЗБАЕВА.	Жуан және жіңішке дауыстылар.....	110
Руза АҚСЫРҒАҚЫЗЫ.	Тест сұрақтары.....	114

Сыныптан тыс шара

Айжан ҚҰЛЖАНОВА,	«Тапқыр достар» ойыны.....	129
Айнаш САНИЯЗОВА.		
Жібек САНСЫЗБАЕВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....	137

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қаласы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институтының
«Мұғалімнің кәсіби
дамуын педагогикалық-
психологиялық қолдау»
кафедрасының доценті.
Фариза БАҚҚАЛИҚЫЗЫ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қаласы
бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру
институтының бас маманы.

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

*(Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-
гуманитарлық бағытындағы 8-11-сыныптарына
арналған элективті курс бағдарламасы)*

(Жалғасы. Басы өткен санда)

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР (10-сынып)

- 1. Абай – қазақ әдебиетінің классигі**
(А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы
туралы жалпы мағлұмат, 1 сағ.).
- 2. Абайдың өскен ортасы, ұрпақтары** (Абайдың
өскен ортасы, тегі, ұрпақтары, 1 сағ.).

3. Абайдың ақындық дәстүрі (А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» еңбегі бойынша, 1 сағ.).

4. «Абайды оқы, таңырқа» (Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау, 1 сағ.).

5. Абайдың дүниетанымы (Қ.Бейсембиевтің «Абай Құнанбайұлының дүниетанымы» еңбегімен танысу, 1 сағ.).

6. Абай Құнанбайұлы жастар тәрбиесі туралы (Т.Тәжібаевтың «Абай Құнанбаев о воспитании молодежи» еңбегімен танысу, 1 сағ.).

7. Абай – сатирик (Абай сатирасының өткірлігін таныту, жазылу тілі мен тәсілін жіктеу, сын-сықақ жанрындағы ерекшелігін көрсету, 1 сағ.).

8. Абай сөзіне жазылған әндер (Сазгерлер С.Мұхаметжанов, М.Төлебаев, М.Қойшыбаев, Ә.Еспаев, С.Кәрімбаевтардың еңбектерімен танысу, 1 сағ.).

9. Көңілім әнді ұғады («Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Мен сәлем жазамын», «Таңғажайып бұл қалай хат?», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғылым таппай мақтанба», т.б., 1 сағ.).

10. Бес дұшпан (Адамгершіліктің Абай ұсынған этикалық-әдеп нормалары, 1 сағ.).

11. Ғашықтың тілі – тілсіз тіл (Махаббат сыры туралы, 1 сағ.).

12. Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат (Жастарды достық, татулық, жар сүю мәселесіне дайындау, 1 сағ.).

13. Абай тақырыбындағы диссертациялар (Қорғалған диссертациялармен танысу, бағамдау, 2 сағ.).

14. «Абай елінде», «Абай әні» деректі фильмдері («Абай елінде», «Абай әні» деректі фильмдерімен

танысу, ой бөлiсi, 1 сағ.).

15. Ақынның И.А.Крыловтың шығармаларын аударудағы шеберлігі («Қарға мен бүркіт», «Қарға мен түлкі» шығармалары бойынша, 1 сағ.).

16. Лермонтов және Абай (З.Ахметовтың еңбегімен танысу арқылы аударманың көркемдік ерекшелігін тану, 2 сағ.).

17. Май түні (Абайдың күйлерімен танысу, 1 сағ.).

18. Абай шығармаларының тілі (Абай шығармаларының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі қақында, 2 сағ.).

19. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары (М.Мырзахметұлының «М.Әуезов пен Абайтану проблемалары» еңбегімен танысу, 1 сағ.).

20. Абай тілінің зерттелуі (Қазаққа қара сөзден дес бермеген Абай тілінің зерттелуі жайында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, Ы.Мұстанбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, т.б. бастап бүгінге дейінгі зерттеушілер жөнінде, 2 сағ.).

21. Абай тілінің сөздігі (Редакциясын басқарған А.Ысқақовтың «Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша, 1 сағ.).

22. Абайдың педагогикалық көзқарасы (Толық адам етіп тәрбиелеу мәселесі, 1сағ.).

23. Абайдың психологиялық көзқарастары (Ойшыл ақынның шығармаларындағы жан мен тәннің арақатынасы, 1 сағ.).

24. Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық (Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Арғылымы» сабақтастығы жайында, 2 сағ.).

25. Талаптың мініп тұлпарын (Шығарма жазу, 1 сағ.).

26. Поэзия және өмір (Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі туралы, 1 сағ.).

27. Біліміден шыққан сөз (Ойтолғау, 1 сағ.).

28. Абай поэзиясы («Сәнбес жұлдыз» тақырыбында поэзия кешін ұйымдастыру, 1 сағ.).

29. Қорытынды сабақ. (Абайдың «толық адам» туралы ілімі, 1 сағ.).

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР (10-сынып)

№	Тақырыптар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	Кіріспе сабақ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі.	Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат.	«Абай» қойылымын көру.	1
2.	Абайдың өскен ортасы, ұрпақтары.	Абайдың өскен ортасы, тегі, ұрпақтары.	Абай мұражайына бару, материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	1
3.	Абайдың ақындық дәстүрі.	А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» еңбегі бойынша.	Кітапхана және ғаламтормен жұмыс.	1
4.	«Абайды оқы, таңырқа»...	Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау.	Абайды оқы, таңырқа... ойтолғау.	1

5.	Абайдың дүниетанымы.	Қ.Бейсембиевтің «Абай Құнанбайұлының дүниетанымы» еңбегімен танысу.	«Абайдың адамгершілік мұрағаттары» атты еңбегімен жұмыс.	1
6.	Абай Құнанбайұлы жастар тәрбиесі туралы.	Т.Тәжібаевтың «Абай Құнанбаев о воспитании молодежи» еңбегімен танысу.	«Абай» журналымен жұмыс.	1
7.	Абай - сатирик.	Абай сатирасының өткірлігін таныту, жазылу тілі мен тәсілін жіктеу, сын-сықақ жанрындағы ерекшелігін көрсету.	Абай энциклопедиясымен жұмыс.	1
8.	Абай сөзіне жазылған әндер.	Сазгерлер С.Мұхаметжанов, М.Төлебаев, М.Қойшыбаев, Ә.Еспаев, С.Кәрімбаевтардың еңбектерімен танысу.	Абай энциклопедиясымен жұмыс.	1
9.	Көңілім әнді ұғады.	«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Мен сәлем жазамын», «Таңғажайып бұл қалай хат?», «Жарк етпес қара көңілім не қылса да», «Ғылым таппай мақтанба», т.б.	Ізденіс. Венн диаграммасымен жұмыс.	1
10.	Бес дұшпан	Адамгершіліктің Абай ұсынған этикалық-әдеп нормалары	Философиялық көзқарас дегеніміз не? Ізденіс жаса.	1
11.	Ғашықтың тілі – тілсіз тіл.	Махаббат сыры туралы.	«Махаббатсыз дүние – бос». Ойтолғау.	1

12.	Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат.	Жастарды достық, татулық, жар сую мәселесіне дайындау.	«Дос деген мен үшін...» эссе жазу.	1
13.	«Абай» тақырыбындағы диссертациялар.	Қорғалған диссертациялармен танысу, бағамдау.	Рефераттармен жұмыс.	2
14.	«Абай елінде», «Абай әні» деректі фильмдері.	«Абай елінде», «Абай әні» деректі фильмдерімен танысу, ойбөлісі.	Фильмнен кейін ойтолғау.	1
15.	Ақынның И.А.Крыловтың шығармаларын аударудағы шеберлігі.	«Қарға мен бүркіт», «Қарға мен түлкі» шығармалары бойынша) «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар», «Жалғыз жалау жалтылдап», т.б.	Абай аудармаларына шолу.	1
16.	Лермонтов және Абай.	З.Ахметовтың еңбегімен танысу арқылы аударманың көркемдік ерекшелігін тану	Аудармаларды салыстыру.	2
17.	Май түні	Абайдың күйлерімен танысу	«Күй күдіреті». Ойбөлісу.	1
18.	Абай шығармаларының тілі.	Абай шығармаларының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі хақында.	«Сөз өнері» еңбегімен жұмыс.	2
19.	Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары.	М.Мырзахметұлының «М.Әуезов пен Абайтану проблемалары» еңбегімен танысу.	Әдебиет теориясымен жұмыс. Салыстыру жұмыстары.	1

20.	Абай тілінің зерттелуі.	Қазаққа қара сөзден дес бермеген Абай тілінің зерттелуі жайында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, Ы.Мұстанбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, т.б. бастап бүгінге дейінгі зерттеушілер жөнінде.	«Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша жұмыс жасау.	2
21.	Абай тілінің сөздігі.	Редакциясын басқарған А.Ысқақовтың «Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша.	«Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша жұмыс жасау.	1
22.	Абайдың педагогикалық көзқарасы	Толық адам етіп тәрбиелеу мәселесі.	«Толық адам» тақырыбында ойбөліс.	1
23.	Абайдың психологиялық көзқарастары.	Ойшыл ақынның шығармаларындағы жан мен тәннің арақатынасы.	Мен кімін? Ойтолғау.	1
24.	Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық.	Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Ар ғылымы» сабақтастығы туралы.	«Үш анық» туралы ойтолғау	2
25.	Талаптың мініп тұлпарын.	«Талаптың мініп тұлпарын»... тақырыбында шығарма жазу.	Өлеңнің көркемдік ерекшелігі деген не? (ойбөліс)	1

26.	Поэзия және өмір.	Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі туралы.	Кездесу кеші.	1
27.	Білімдіден шыққан сөз.	«Білімдіден шыққан сөз» туралы ойтолғау жазу.	«Даналар сөзі», ізденіс.	1
28.	Абай поэзиясы.	«Сөнбес жұлдыз» тақырыбында поэзия кешін ұйымдастыру	Поэзия кеші.	1
29.	Қорытынды сабақ.	Абайдың «толық адам» туралы ілімі.	Дөңгелек үстел: «Абайтану».	1
	БАРЛЫҒЫ:			34

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР (11-СЫНЫП)

1. Элективті курстың тақырыбы мен мақсат, міндеті туралы жалпы мағлұмат (әр тақырыпқа шолу, 1 сағ.).

2. Абай – дана, Абай – дара қазақта (Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығы. Абай және оның шығармашылығы туралы ой-пікірлер. Абайтанушылар, олардың еңбектері жөнінде, т.б., 2 сағ.).

3. А.Құнанбайұлының қазақ әдебиетіндегі тарихи орны (А.Құнанбаевтың қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын ғылыми еңбектер арқылы дәлелдеу, 2 сағ.).

4. Абайдай тумас адам сөзге зерек... (Тарихи деректерге сүйене отырып, кезең-кезеңімен Абайға берілген бағалар жайында сөз қозғалады, 2 сағ.).

5. Абайды оқы, таңырқа... (Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау. Поэзия кешін ұйымдастыру, 2 сағ.).

6. «Абай термесі» жинағы (7 өлең, 1 қарасөз. Абайдың қарасөздері, алғашқы жарияланымы, «Абай термесі» жинағы жайында. Жинақпен жұмыс, 2 сағ.).

7. Абай және оның философиясы (М.Орынбековтің «Абайдың философиялық көзқарасы еңбегімен жұмыс. Абайдың философиялық ойлары. Оқушылардың таңдауы бойынша ой бөлісу, 2 сағ.).

8. Абайдың әдеби мектебі (Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында, 1 сағ.).

9. Абайдың ақын шәкірттері (Абайдың ақын шәкірттері кімдер, олардың еңбектері мен ұқсастықтары туралы, 1 сағ.).

10. Абайдың ақындық дәстүрі (Абайдың ақындық дәстүрінің қалыптасуы мен дамуы, 1 сағ.).

11. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы (Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасау және жазба әдебиеттің қалыптасуы туралы, 1 сағ.).

12. Абайдың адамгершілік мұраттары (М.Мырзахметұлының «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты еңбегімен жұмыс. Абай поэзиясындағы адамгершілік мәселесі, 2 сағ.).

13. Әл Фараби және Абай (А.Машановтың «Әл Фараби және Абай» еңбегімен таныса отырып, екі тұлғаның ұқсастығы мен айырмашылығын тану, 2 сағ.).

14. Құнанбай және Абай (Абай арқылы Құнанбайды тану. Құнанбай бейнесі, 1 сағ.).

15. Абайдың өзгеге берген нәрі (Абайды зерттеген ғылымдар еңбектерімен танысу, 2 сағ.).

16. Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы (Абай мұраларының күні бүгінге дейін зерттелу жайы туралы, 2 сағ.).

17. Абайдың ақындық кітапханасы (Абайдың ақындық кітапханасымен кеңінен танысу, оның шығармалары арқылы ақындық кітапханасына кіру, 2 сағ.).

18. Абай танымындағы хауас мәселесі (Хауас тамағынасын түсіну арқылы Абай танымындағы хауасқа бойлау, 1 сағ.).

19. Абайдың «толық адам» туралы ілімі («Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің философиясына үңілу. Әр заман ойшылдарының «толық адам» туралы ой-пікірлеріне шолу жасай отырып, Абайдың «толық адам» туралы іліміне қадам басу, 2 сағ.).

20. Абайдың жүрек культі... (Абайдың жүрек культіне деген философиялық тұжырымдамасы, Қайрат, Ақыл, Жүрек үшеуін ғылымға жүгіндіруі хақында, 1 сағ.).

21. Абайдың «толық адам» туралы ілімінің жалғасын қайдан көруге болады? (Оқушыларды іздендіру мақсатында Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Ар ғылымы» туралы, 1 сағ.).

22. Ар ғылымы оқылса... (Ш.Құдайбердиев. «Ар ғылымы оқылса»... философиялық ой қозғау, 1 сағ.).

**«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША
ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
(11-СЫНЫП)**

№	Тақырып-тар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	Кіріспе сабақ.	Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, міндеттері.	«Абай» фильмін көру.	1
2.	Абай – дана, Абай – дара қазақта.	Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығы. Абай және оның шығармашылығы туралы ой-пікірлер. Абайтанушылар, олардың еңбектері туралы.	Абай мұражайына бару, материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	2
3.	Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетіндегі тарихи орыны.	Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетіндегі тарихи орынын ғылыми еңбектер арқылы дәлелдеу.	Кітапхана және ғаламтормен жұмыс.	2
4.	Абайдай тумас адам сөзге зерек...	Тарихи деректерге сүйене отырып, кезең-кезеңімен Абайға берілген бағалар.		2
5.	Абайды оқы, таңырқа...	Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау.	«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»... тақырыбында поэзия кешін ұйымдастыру.	2

6.	«Абай термесі» жинағы (7 өлең, 1 қарасөз).	Абайдың қарасөздері, алғашқы жарияланымы, «Абай термесі» жинағы туралы.	«Абай термесі» жинағымен жұмыс.	2
7.	Абай және оның философиясы.	М.Орынбековтің «Абайдың философиялық көзқарасы» еңбегімен жұмыс. Абайдың философиялық ойлары.	Абайдың философиялық ойлары бойынша ой бөлісу.	2
8.	Абайдың әдеби мектебі.	Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар.	«Шығыс шайырлары» туралы оқу.	1
9.	Абайдың ақын шәкірттері.	Абайдың ақын шәкірттері олардың еңбектері мен ұқсастықтары туралы.	Абайдың ақын шәкірттері бойынша Венн диаграмма-сымен жұмыс.	1
10.	Абайдың ақындық дәстүрі.	Абайдың ақындық дәстүрінің қалыптасуы мен дамуы.	Ақындық дәстүр дегеніміз не? Ізденіс жаса.	1
11.	Абайға дейінгі қазақ поэзиясы.	Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасау, жазба әдебиеттің қалыптасуы.	Абайға дейінгі қазақ поэзиясы туралы еңбектермен танысу.	1

12.	Абайдың адамгершілік мұраттары	М.Мырзахметұлының «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты еңбегімен жұмыс. Абай поэзиясындағы адамгершілік мәселесі.	Абай поэзиясынан адамгершілік мәселесіне қатысты мысалдар жинақта.	2
13.	Әл Фараби және Абай.	А.Машановтың «Әл Фараби және Абай» еңбегімен таныса отырып, екі тұлғаның ұқсастығы мен айырмашылығын тану.	Баяндама, мәнжазба жазу.	2
14.	Құнанбай және Абай.	Абай арқылы Құнанбайды тану. Құнанбай бейнесі.	Абай мен Құнанбайдың өмірге деген көзқарастарын салыстыр.	1
15.	Абайдың өзгеге берген нәрі.	Абайды зерттеген ғалымдар еңбектерімен танысу.	Ғылыми еңбектерге шолу.	2
16.	Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы.	Абай мұраларының күні бүгінге дейін зерттелу жайы туралы.	Зерттеу жұмыстарымен жұмыс жүргізу.	2
17.	Абайдың ақындық кітапханасы.	Абайдың ақындық кітапханасымен кеңінен танысу, оның шығармалары арқылы оның ақындық кітапханасына кіру.	«Абайдың ақындық кітапханасы» тақырыбында мәнжазба жазу.	2

18.	Абай танымындағы хауас мәселесі.	Хауас мағынасын түсіну арқылы Абай танымындағы хауасқа бойлау.		1
19.	Абайдың «толық адам» туралы ілімі.	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің философиясына үңілу. Әр заман ойшылдарының «толық адам» туралы ой-пікірлеріне шолу жасай отырып, Абайдың «толық адам» туралы іліміне қадам басу.	Әдебиет теориясымен жұмыс. Салыстыру жұмыстары.	2
20.	Абайдың жүрек культі...	Абайдың жүрек культіне деген философиялық тұжырымдамасы, Қайрат, Ақыл, Жүрек үшеуін ғылымға жүгіндіруі хақында.	Шығармашылық жұмыстар орындау. Ойтолғау.	1
21.	Абайдың толық адам туралы ілімінің жалғасын қайдан көруге болады?	Оқушыларды іздендіру мақсатында Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Ар ғылымы» туралы.	Шәкәрім шығармашылығымен жұмыс. «Үш анық» еңбегі. Ғылыми жоба жазудың алғы-шарттары.	1
22.	Ар ғылымы оқылса... Қорытынды сабақ.	Ш.Құдайбердиев. «Ар ғылымы оқылса»... арман болып қалмаса екен... философиялық ой қозғау.	Дөңгелек үстел: «Абайтану».	1
	БАРЛЫҒЫ:			34

ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- Абайды терең танып білу;
- Абай шығармаларын оқу, білу, түсіну;
- Абайтану тарихын тану;
- Шығармаларды талдай білу;
- Абай аудармаларын білу;
- Ғұлама ойшылдың пәлсапалық нақыл сөздерінің мән-мағынасын, маңызын түсіну;
- Ақынның қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын, шеберлігін тану;
- Ақын поэмаларының өзіндік ерекшеліктерін тану.
- Абайтану бойынша мәнжазбалар мен курстық жұмыстар, ғылыми жобалар жазу;
- Театрмен, мұражай, өнер ордаларымен байланыс жасау;
- Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білу.

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ИГЕРГЕН БІЛІМДЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕЛЕСІДЕЙ ҚАБІЛЕТТЕРІ БОЛУЫ КЕРЕК:

- Абай шығармаларының зерттелуін білуі;
- Абай өлеңдерін талдай отырып, шеберлігін, ерекшелігін айқындай алуы;
- Пәлсапалық нақыл сөздерінің маңызын, тақырыбын айқындай алуы;
- Аудармадағы шеберлігін көрсетуі;
- Поэмаларын әдеби талдау арқылы тақырыптық-идеялық негізін аша білуі.

ҚЫСҚАША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Элективті курста дамыта оқыту технологияларын, интерактивтік оқыту әдістерін, басқа да оқытудың жаңа, әр түрлі әдістерін қолдану – оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың бір факторы болып табылады. Мұндай сабақтардың ерекшелігі өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, оларды шығармашылық жұмысқа бағыттайды, қызығушылығы мен қабілетін арттырады, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сабақ барысында әр оқушы өзіндік тұжырымы арқылы жаңа материалды саналы түрде игереді. Сабақтың қызықты, тартымды өтуі оның дұрыс ұйымдастырылуына, жоспарлануына байланысты. Сабақта жүргізілетін жұмыстардың түрлері ауысып, түрленіп отыруы – міндетті шарттардың бірі. Әрбір жұмыс түріне берілетін уақытқа да ерекше көңіл бөлінуі қажет, өйткені бір жұмыс түріне уақыт көп бөлінсе немесе жиі қайталанып отырса, ол оқушыларды жалықтырады. Сондықтан оқытушы сабақты дұрыс жоспарлауға, оны түрлі әдіс-тәсілдермен әсерлі өткізуге ерекше мән беруі қажет.

Көрнекі құралдар сабақтың ұтымдылығын арттыратыны белгілі. Қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты көрнекіліктер көптеп шығарылып жатыр. Осы тақырыпқа байланысты шығып жатқан әр түрлі плакаттарды, буклеттерді, электронды материалдарды пайдалану арқылы сабақты түрлендіруге болады. Соның ішінде «сөйлейтін қалам» технологиясын пайдалану өте тиімді болмақ. Оқушылар бірте-бірте ғылымға аяқ

басу үшін мәнжазба, курстық жұмыс жазғызудың рөлі зор. Олар сол арқылы өзінше ойлауға, тұжырым жасауға икемделеді. Материал жинау мен оны саралауға үйренеді.

Техникалық құралдардан фильмоскоп, ұнтаспа қолдануға болады. Қазақтың ақын-сазгерлерін өткен кезде олардың шығармаларын ұнтаспадан тыңдату өте қолайлы.

Элективті курста оқытушы жаңа материалды оқушының бұрын алған біліміне сүйене отырып беруі керек.

Сонда оқушылардың бұрын алған білімі қайталанып отырылады да, жаңа материалды тез ұғуға мүмкіндік туады. Элективті курсқа арналған арнайы оқулық ретінде Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» оқу құралы ұсынылады. Керекті материалдарды оқытушы өзі жинақтап, іріктеп алады. Сондықтан оқытушы материал жинақтаған кезде мәтіндердің тілінің жеңіл, жатық болуын, көлемінің оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, рухани құндылықтарға толы ұлттық тәрбие беру арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеуге бола алатынын ескерген жөн.

ЭЛЕКТИВТІ КУРС БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЛҒАН БІЛІМІН ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ:

- Тест сұрақтарына жауап алу;
- Оқылған әдебиеттерге аннотация жаздыру;
- Әр түрлі шығармашылық жұмыстар жазғызу;
- Берілген жоспар бойынша ғылыми жобалар жаздыру;

- Әр тақырып бойынша құрастырылған сұрақтарға жазбаша жауап алу;
- Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білуге үйрету;
- Берілген тақырыптар бойынша мәнжазбалар, курстық жұмыстар, ғылыми жобалар жаздыру, қорғату.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Мырзахметұлы «Абайтану» оқу құралы, А., 2010.
2. Абай Құнанбайұлы (библиографиялық көрсеткіш) А., 1965.
3. Абайтану (библиографиялық көрсеткіш). А., 1988.
4. М.Әуезов және Абайтану проблемалары. А., 1982.
5. Абай жүрген ізбенен. А., 1986.
6. Абайдың адамгершілік мұраттары. А., 1993.
7. Абайтану тарихы. А., 1994.
8. Әуезов және Абай. А., 1994.
9. М.Әуезов. «Абай жолы». I том. А., «Жазушы», 1989.
10. М.Әуезов. «Абай жолы». II том. А., «Жазушы», 1989.
11. Ә.Молдаханов. «М.Әуезовтің көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер». [Оқу құралы]. Ақтөбе, 1999.
12. Ы.Дүйсенбаев. «М.Әуезов». А., «Ғылым», 1974.
13. М.Әуезов. «Абай Құнанбаев». А., «Санат», 1995.
14. М.Әуезов. «Абайды білмек парыз ойлы жасқа». А., «Санат», 1997.

15. «Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2005.
16. К.Оразалин. «Абай ауылына саяхат». А., «Мектеп», 1976.
17. Абай энциклопедиясы. А., «Атамұра», 1995.
18. Ж.Ысмағұлов. Абай: ақындық тағылымы. А., «Ғылым», 1994.
19. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық. А., «Аруна», 2005.
20. М.Мырзахметұлы. «Әуезов және Абай». А., «Қазақстан», 1997.
21. Н.Ердәулетұлы. «Абайтану». Ақтөбе, 2004.
22. З.Қабдолов. «Сөз өнері». А., «Қазақ университеті», 1992.
23. М.Әуезов. «Абай Құнанбаев» Монография. Мақалалар, зерттеулер, 1967.
24. Қ.Мұхамедханов. «Абай мұрагерлері». А., «Атамұра», 1995.
25. З.Ахметов. Поэтика эпоей. «Путь Абая» в свете истории ее создания. А., 1984.
26. Т.Жолдасова. М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Түркістан, 2000.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Алғы сөз

Еліміз егемендік алғаннан бері білім беру саласында елеулі өзгерістер болып жатыр. Білім беру мазмұны өзгерістерге ұшырады. Жаңа талпыныс, жаңа жол ашылды. Ол өз әсерін тигізіп, оқушыларға да жаңа талаптар мен міндеттерді қойды.

Назарларыңызға ұсынып отырған әдістемелік нұсқауда қазақ тілі сабақтарында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары, өзіндік жұмыстардың түрлері, оларға қойылатын талаптар, өзіндік жұмысты бағалау өлшемдері және осы үрдістегі мұғалімнің шеберлігі мен рөлі туралы жазылған.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені сол арқылы оқушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады.

I. Кіріспе.

Қазіргі кездегі қоғам талабына жауап беретін жеке тұлғаны қалыптастыру, өсіп келе жатқан ұрпақ бойында белсенді өмірлік ұстаным тәрбиелеу қажеттілігіне

байланысты дидактиканың басты мәселесі – оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі болып отыр. Оқушыға танымдық әрекет субъектісінің ұстанымын қамтамасыз ету міндеті, мұғалімнің басшылығымен оқушы белсенді әрекеттен өзін-өзі басқару негізіндегі әрекетке көшу үшін жағдайлар жасау міндеті тұрады.

Бұл міндеттердің шешімі оқыту үрдісін жалпы қайта құру есебінен жүзеге асырылмақ. Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиындықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әр түрлі сұрақтарға жауаптарды өздігінен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін және дербестігін қалыптастыру мүмкін болады. Оқушылар белсенділігінің осындай сипатын көрсететін қажетті шарт – дербестік таным әрекеті. Ол ұзақ уақыт ішінде оқушылардың әр түрлі өзіндік жұмыстарын орындаумен көбірек байланысты болды. Бұл әр қилы өзіндік жұмыстарды өткізудің мазмұнын және әдістемесін оқу материалын меңгерудің әр түрлі кезеңінде, әр түрлі дидактикалық мақсатқа қол жеткізуге байланысты әзірлеуді талап етті.

Дербестік таным әрекетін талдауда П.И.Пидкасистый оның ішкі, мәнді жағына ерекше назар аударады. Ол шынында да дербестік деп оның құрылымының барлық қажетті элементтерін немесе мұғалімнің тікелей басшылығымен істеуіне жатқызады.

Т.И.Шамова өзіндік жұмыс пен дербестік әрекет «жеке жұмыс» деген ұғымдарды сараптау қажеттілігіне меңзейді. Бұл жөнінде ол былай деп жазады: «Оқу тек дербестік таным әрекеті үрдісінде ғана өтеді, бірақ ол оқуды оқушылар тек өзіндік жұмыс үрдісінде ғана өткізеді деуге болмайды. Өзіндік жұмыстардың бұл түрі

танымдық ізденімпаздықты қалыптастыруда және ақыл-ой мен жаңа эмпирикалық, практикалық білім игеруде жетекші рөл атқарады». Бұл жұмыстар оқытудың іскерлік ойыны, конференция, мәжіліс, пікірталас және т.б. сияқты өзіндік формаларын ұсынады.

Оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың, соған сәйкес танымдық ізденімпаздығын дамытудың негізгі шарттарының бірі – тасқынды ақпараттарды іріктеп, таңдай, бағдарлай білуі. Зерттеу жұмыстарымен байланыссыз оқу үдерісінде мұндай бағдарлаудың тек қарапайым ғана дағдылары қалыптасады да, оқу бітірген жас маман жұмыс орынында іріктеу, бағдарлаумен, әдебиеттермен жұмыспен, нұсқаулармен жаңадан танысуына тура келеді.

Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты – жеке бастың өзіне және қоғамға қажетті бейімділігін, әлеуметтік бағалы белсенділігін дамыту; сонымен бірге өз бетімен білім алуын, өздігінен қалыптасуын тиімді қамтамасыз ету. Сонда білім беруді ізгілендіру және демократияландыру жеке бастың өзін-өзі дамытуын, өздігінен жеке шешім ала білуді қалыптастыруды көздейді.

II. Өзіндік жұмыс туралы түсінік.

Өзіндік жұмыс – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс. Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен

«өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары болып табылады. Мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру – психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Қазақ тілі сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну – өмір талабы.

«Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру – белгілі бір іс-әрекетте, ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара ерекшеліктері».

III. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар және бағалануы.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай талаптарды орындау керек:

- 1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек;
- 2) Өздік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек;
- 3) Міндетті түрде тексерілуі керек;
- 4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады;
- 5) Өздік жұмыстың мақсаты, орындау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс;
- 6) Өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не кәртішкеге қосымша материалдар дайындап әкелу керек;
- 7) Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуы тиіс;
- 8) Өзіндік жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек;
- 9) Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Оқушылардың ауызша жауаптарын бағалауға қойылатын талаптар:

«5» деген баға оқушыға мынадай жағдайларда қойылады:

- Қойылған сұрақтарға толық және дұрыс жауап берсе;

- Тапсырмаларды дұрыс және барынша тез орындаса;
- Тапсырма орындау барысында өзіндік жоспар құра алса, өзінің амалдарын түсіндіріп және мұғалімнің сұрақтарына жауаптарын дәл тұжырымдап бере алса.

Егер оқушының жауабы негізінен «5» деген баға үшін тағайындалған талаптарға сәйкес болып, мына төмендегі жағдайлар орындалса, «4» деген баға қойылады:

- Жауап берген кездегі тұжырымдауларда жекелеген дәлсіздіктер (мағынасын бұзбайтын) жіберсе;
- Жауап берген кездегі жекелеген ұсақ қателер жіберген болса және оны түзетуге шамалары жететін болса;
- Жауап берген кезде дәлдігі жеткіліксіз, бірақ жауабы дұрыс, түсініктемелер болса.

Мұғалім аздап көмектесе, оқушы бұл кемшіліктердің барлығын да оп-оңай түзете алады. «3» деген баға оқушыға мынадай жағдайларда қойылады:

- Тапсырмаларда жекелеген өрескел қателер жіберсе, бірақ оларды мұғалімнің көмегімен түзете алса;
- Тапсырманы мұғалімнің көмегімен ғана шығара алса.

Егер оқушы қойылған сұрақтардың көпшілігіне жауап бере алмаса, тапсырмаларды, тіпті, мұғалімнің көмегімен де шығара алмаса, «2» деген баға қойылады. Егер оқушы бағдарламалық материалды түгелімен білмейтін болса, онда «1» деген баға қойылады.

Жазбаша өзіндік жұмыстары бойынша бағалау.

Жұмысты тексеруге қатысқан адам оқушының

сауатты жазу дағдыларына баға қоюна болады:

- егер жұмыс қатесіз орындалса – «5»; ал жұмыста 1 өрескел және 1-2 өрескел емес қате жіберілсе – «4» деген баға қойылады;
- егер орындалған жұмыста 2-3 өрескел, 1-2 өрескел емес қате жіберілсе – «3», ал өрескел қате 3-тен өрескел емес қате 2-ден артса – «2» қойылады.
- барлық тапсырма қате орындалса – «1» деген баға қойылады.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі;
- жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;
- мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі;
- оған әсер ететін мотивтер.

IV. Өзіндік жұмыстың түрлері және ұйымдастыру формалары.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектін жасау, т.б. тәсілдерге үйрену).
ә) жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық жұмыстар, оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау жұмысы, сынып жұмысы, шығармашылық жұмыс, рефераттар мен баяндамалар, тәжірибелер жасау, тест жұмысын орындау).

Ескертпе, түсініктеме-кәртішкелер, перфокарталар дайындау қажет. Оқушыларға өзіндік жұмыс ретінде пән бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады:

«Қазақ тілі сабақтарында түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, қима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (әуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады)». Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады. Негізінде, қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда, жаттығу ұғымы – оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек. Жаттығу – мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасы мен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Оқушылар өздігінен жұмыс

істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмаларды орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы — тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет.

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өздік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарлайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды.

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы — жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді бағдарлайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді.

(өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер, модельдер, т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысының, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Өздік жұмыс теориясының дамуының ерекшелігі – әрекетті белсендіруге ықпал етуші оқыту әдістерін сипаттаудағы әртүрлілік. Соның нәтижесінде көптеген ұстанымдар туындайды, өзіндік жұмыстың сұрыпталуы құрылады: а) оқушының объектіні тану барысында ойлау операциялары; ә) дидактикалық мақсат; б) ақпарат көзі және оқушыға берілген тапсырмалардың түрі; в) оқушылардың оқу әрекетінің мінез-құлқы; г) оқушының танымдық әрекетінің құрылымы.

Сұрыпталу ұстанымдарын тереңірек қарастырса, ол өзіндік жұмысты жан-жақты зерттеуге көмектеседі, онсыз осы теорияның дамуы мүмкін емес. Өзіндік жұмыстардың логикалық сұрыпталуы В.А.Добромыслова, В.В.Голубкова, Е.Я.Голант есімдерімен байланысты. Осы тұрғыдан өзіндік жұмыстар былай бөлінеді:

1. Деректерді бақылау және түсінік белгілерін айыру;
2. Құбылыстардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын құру;
3. Түсініктерді анықтауға және оқығанды жалпылау;
4. Құбылыстар қатарында әдеттегіні белгілеу;
5. Деректердің арасындағы байланысты орнату және т.б.

Бірақ берілген сұрыптаулар мұғалім мен әдіскерді қанағаттандыра алмайды. Себебі оқушылардың оқу әрекетінің мінез-құлқы ескерілмейді және тақырыптан тақырыпқа көшу жолы көрсетілмейді.

Нәтижесінде сұрыпталудың тағы бір түрі пайда болады. Мұндай сұрыпталу оқушылардың оқудағы әрекетінің мінез-құлқы бойынша құрастырылған.

Ал ғалымдардың көпшілігі өзіндік жұмыстардың негізі үш түрін белгілейді – *репродуктивтік, таңдамалы-қайта өндіргіш, шығармашылық*.

Репродуктивтік өзіндік жұмыстар ертеде алған білімдерін қайта өндіруді және қолдана алуды ұсынады.

Таңдамалы-қайта өндіру өзіндік жұмыстары алған білімдердің көкейтестігімен және оларды жартылай шығармашылық тұрпатта қайта қараумен байланысты (оқу-танымдық міндеттерді шешудің жаңа жолындағы ізденістері және т.б.)

П.И.Пидкасистыйдың ойынша, қайта өндіру мен шығармашылық әрекеттер бірлікте болса, субъект объектіні танудағы құбылыс ретінде көрінеді: оқылып жатқан материалдың құрылымын ұғынуда, қасиеттердің жүйесін түрлендіруде, өзгерген жағдайда объектінің белгілерінде, жаңа міндеттерді шешуде, білімдердің тасымалдануы және көкейтестігінде. Мұғалімнің тапсырмалары оқушылардың танымдық әрекетінің динамикасын ескеруі керек. Нәтижесінде мынадай өзіндік жұмыстар белгіленеді:

1. Үлгі бойынша орындалатын;
2. Реконструктивтік-вариативтік;
3. Жаңалық ашатын;
4. Шығармашылық.

Бірінші жұмысты орындаған кезде оқушы көрсеткен үлгі бойынша, белгілі бір іс-әрекеттің жолын ұғынады. Тапсырмаларды нұсқаулар, белгілі формулалар, теоремалар арқылы орындайды.

Реконструктивті-вариативтік өзіндік жұмыстар

оқушылардың алған білімін қолдануға ынталандырады, сонымен қатар білімі тереңдей түседі. Тапсырмалар тек шешімнің жалпы ұстанымдарын ғана көрсетеді.

Мысалы: анықтаманы оқу, сұрақтарға жауап, мәтін бойынша жоспар құру, материалдарды негіздей отыра кесте, схема, графиктер жасау.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру формалары: жеке оқушы, топпен жұмыс, барлық оқушылармен.

Әр топтың бір басшысы болады – үлгерімі жақсы оқушы. Ол білмегендерге кеңесін беріп, көмектесіп отырады. Топ бойынша өздік жұмыс істегенде әр топ келесі топқа өз сұрақтарын кезекпен қояды. Мұнда оқушылар үйде өз беттерімен сұрақтар, сызбалар, плакаттар, суреттер, сөзжұмбақтар дайындап әкеледі. Сұрақтың жауабын өздері біліп, дәптерге не бір параққа жазып қояды.

Өздік жұмыстар әр сабақта міндетті түрде жүргізіліп отыруы қажет. Өз іс тәжірибемдегі бірнеше жұмыстарға тоқталып өтсем: диктант жұмысын жүргізгеннен кейін, алдарына «Өзінді тексер» жадынамасын беріп, сол бойынша жұмыс істейміз. Тақырып бойынша бақылау жұмысын жазғаннан кейін жіберілген қателермен жұмыс жасаймыз. Қате жіберілген тапсырмаларға ұқсас мысалдар алып, нұсқалар бойынша жаттығулар жасаймыз, оқулықтан ереже іздеп, тауып, оқуға тапсырма беремін, оқушы өз қатесін тауып алады.

«ң» дыбысына байланысты жұмыстар.

1. *Сөздік диктант:* «ң» әріпінің астын сыз.

2. *Көру диктанты:* «ң» әріпі бар сөзді есте сақтап жазу.

3. *Шығармашылық диктант:* көп нүктенің орынына «ң» немесе «н» әріпін қойып жаз.

4. Терме диктант:

- журнал, кітаптардан «ң» әріпі бар сөздерді жинақтау;
- аталған сөздердің ішінен «ң» әріпі бар сөздерді ғана теріп жазу.

Сөздік қорларын молайту.

1. Әңгіме бойынша жұмыс:

- Не ұнайды?
- Неге ұнайды? Қандай жауап таптың?
- Менің суретімнің тақырыбы не?
- Мен ол туралы не білемін? Мен нені айтуым керек? Мен оны мақтаныш ете аламын ба?

2. Сұрақ -жауапқа құралған хат:

Кім? Не?

Қай жерде?

Не істеді?

Ол не айтты?

Адамдар не деді?

Оқиға немен тынды? («Компас», «Ағаштар неге ашуланады?»).

3. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

4. Шығарма жазу:

- жоспар бойынша;
- тірек сөздер арқылы;
- дайын мәтінді аяқтау;
- еркін тақырыпта.

V. Оқу үдерісінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі.

Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі – педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін

дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. А.Байтұрсынұлының пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімі, шеберлігі ұзақ жолды қысқарту үшін балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен берік белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мұғалімнен шығармашылықты, шеберлікті; жоғары әдістемелік дайындықты талап етеді. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- *мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;*
- *жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;*
- *мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы – олардың жұмысты өз еркімен және қолдарымен істеу, оған әсер ететін мотивтер;*
- *өзіндік жұмыс барысында орындалатын есептердің мазмұнын оқушы түсінуі керек;*
- *оның орындалуы жайлы оқушыларға нұсқау беру керек;*
- *жұмыстың орындалуын қадағалау керек;*
- *өзіне-өзі талдау жасау, байқау;*
- *оқушылардың жұмысын тексеру, қателерін анықтау.*

Оқушылардың өзіндік жұмысына, мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық

жұмыстары жатады.

Оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Өздік жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығушылық туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды. Өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу, т.б.) қалыптасуына әсер етеді.

Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни, оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттауда, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет. Осы бағытта оқушыны берілетін жекелей тапсырмалармен, үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгеймен, құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу керек. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен бірдей. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты — оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-

пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану арқылы қабілеті әр түрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың, шығармашылық деңгейін бақылап отыру – әрбір мұғалімнің негізгі міндеті.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге «сегіз қырлы, бір сырлы» ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әр қилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып олардың шығармашылық қабілетін дамыту – күрделі құрылым екені даусыз.

Профессор Р.Г.Лембергтің пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: оқушылардың істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі; жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы; жұмысты оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындауын көздеу керек.

Оқушылардың оқудағы танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін қалыптастыру мәселелерін іс-жүзінде шешудің әр түрлі жолдары бар:

- танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу;
- танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру;
- іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын

жалпылама білім енгізу;

- оқытуға әдістемелік білім енгізу;

- оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту.

Егер мұғалім жұмысты дұрыс ұйымдастырса, оқушылардың алдына қойылған мақсат та айқын болса, онда орындалған өздік жұмыстың сапасы да ойдағыдай болады. Бастауыш сыныптарда оқытудың маңызды мақсаттарының бірі – оқушыларда өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ендеше, бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Атап айтсақ: жаңа ұғымды, заңдылықты, ережені түсініп тұжырымдау, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, т.б. Осындай іскерліктерді қалыптастыру – оқу барысында мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстар және жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

VI. Қорытынды.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуына өздік жұмысқа берілетін тапсырмалар дұрыс таңдап алынып, құрастырылуы байланысты болады.

Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы;
3. Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті;
4. Жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуге үйренеді;
5. Рухани байлығы молаяды;
6. Басқа оқушының түсіндірмелеріне сын көзбен қарау;

7. Өз ойының дербестігі.

Қорыта келгенде, оқушыны өздік жұмысын жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру, білімділік деңгейін көтеру болып табылады.

Бүгінгі таңда ғылым мен техника қарқындап өсіп отырған шақта мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына, олардың барлық жетістіктерін енгізу мүмкін емес. Осы себептен де мектеп ертеңгі білімнің негізін қалап, оқушылардың өздігінен ізденіп, білім алуларына мүмкіндік жасауы тиіс. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығуға болады. Осыған орай, мектеп бітіретін әрбір оқушы ғылым негіздерінің жаңалықтарымен хабардар болып, кейін сол алған біліммен іскерлігін одан әрі дамытуға тиіс. Бұл – өскелең өмір талабы. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап – мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады» деп айтқан екен. Олай болса, қызықты сабақтар – мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, көтерілген белесі, абырой, атағы, мақсат-мұраты.

Ұстаз көкейіндегі шәкірттерді өзіне баулып алу үшін «Не істей аламын?», «Не істеу керек?» деген сұрақ-сауалнама әрекетке, әрекет нәтижелер жобасына, ал нәтижелер жобасы – практикаға енгізуге жетелейді. Ал практиканың ақиқат өлшемі – білім сапасы болмақ.

Эльмира ОМАРОВА,
Ақтөбе қаласындағы
№23 орта мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БЕЛСЕНДІ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ – МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНДЕ

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар, бұл – XXI ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» [1, 25-бет] деуінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға екені жатады.

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Осыған орай Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің білік-

тілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгейі бағдарламасы негіз болмақ. Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылады. Осы Бағдарламаның негізгі қағидаты – тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады [2, 12-бет].

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі. Оқушылардың білімін көтеру ісі, ең алдымен, тікелей ұстазға байланысты. Жоғарыдағы бағдарламаның жеті модулінде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады.

Оқушылар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Диалог негізінде білім беру мен білім алу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалог шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамуына көмектеседі. Менің күнделікті сабақтарымда байқайтыным, диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін жұмыс істейді. Диалогтің тиімділігі, ең алдымен, ес пен тілді дамытады, оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді етеді, оқушылардың білім деңгейі белгілі болады, тәрбиелік күші бар және мұғалім тек қана бағыт-бағдар беріп тұрады, ал оқушылар өз бетімен жұмыс жасай алады. Оқушылар сабақты қалай оқу керектігін меңгереді және дағдыланады. Яғни, метатаным пайда болады. Өздері ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады.

Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – оқушы. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет. Менің күнделікті сабақтарым әрдайым диалог негізінде құрылады. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен тіл мен әдебиет сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады [3, 14-бет]. Осы кезде топтық жұмыс арқылы оқушы мен оқушы арасында, оқушы мен мұғалім арасындағы диалогті тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алуға болады. Нәтижесі таңғаларлық! Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра бастайды. Тілді оқыту барысында қарым-қатынас орнату, сөйлеу жағдаятын қалыптастыру оқушылардың өзара немесе оқытушымен сөйлесуіне, сұрақтарға жауап іздеуіне құлшынысын арттыратыны сөзсіз. Күнделікті сабақтарымда сабақтың тақырыбын ашу үшін оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, түрлі тақырыптарда мультфильмдер көрсетемін. Сондықтан жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп көрсетілген мультфильм метатанудың маңызды аспектісі ретінде өз бетінше жұмыс істеп, өз бетінше сабақ мақсатын ашуға түрткі болады. Тақырыптарды ашу үшін сұрақ-жауап әдісін пайдаланамын. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды [2, 41-бет] қолданылатындығын ескеріп, төменгі дәрежелі сұрақтар қоюдан бастауға тырысамын. Тіл үйрену сабақтарында сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналатындығы сөзсіз. Себебі білім беруде

орыс тілді мектептердегі балаларға тіл үйренуінде диалогтің маңызы әлдеқайда зор, оқушылармен тікелей байланыс жасап, әрдайым ой тастап отыру керектігін сезіндім.

Қазақ тілі сабақтарында салыстыруға арналған тапсырмаларды, мәселен, Венн диаграммасына салып берсем, сызбаны оқушылар қызыға толтырды, яғни, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Сабақты бекіту кезінде көбінесе тақырыпқа сәйкес «бұл қалай? неліктен? сіздер қалай ойлайсыздар? сөзіңді дәлелдеп көр» деген жоғары дәрежелі сұрақтар арқылы сыни тұрғыда ойланып, жауап беруіне жетелеймін. Оқушылардың берген жауаптары жаңа тақырыпты қорытындылауға, сол бойынша ой түюге әкеледі. Осы сұрақтар арқылы ойы ұтқыр, сыныпта ерекшеленетін дарынды оқушылардың да жауабы назарға алынады. Оқушылардың білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу (сұрақтар қарапайым етіп қойылған, өткен материалға оралып, толығырақ жауап беруге итермелеу), сынақтан өткізу (мәселен, мысал келтіре аласыз ба?) және қайта бағыттау сияқты әр түрлі техникаларын [2, 41-бет] сабақтарымда пайдаланып жүремін. Соның барысында мен оқушылардың сауатты жазып қана қоймай, сауатты сөйлеуіне баса назар аударамын және қателерін өздеріне түзетуге көңіл бөлемін. Сұрақ қою арқылы мен оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етіп отырамын. Бұрын біз оқушыларға жалпы сұрақтар қойып, білмесе ойлануға уақыт бермей, өзіміз жауап қайтаратын едік. Ендігі кезекте, сыныптағы диалогтің маңыздылығын ескере, оқушыларға жетелеуші сұрақтар қоя отырып, ойлануға уақыт берсең, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатынын байқадым. Бұдан диалог арқылы

оқыту мен сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының ынтымақтастығы көрінеді. Оқытудағы диалог рөлін арттыру мақсатында әзірлеген іс-әрекет кезінде мұғалім мен баланың бірігіп тапсырманы орындауына, өзара білім алмасуына жағдай туғызу керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін меңгеруде АКТ-ның рөлі ерекше. Бұған дейін жиі пайдаланбайтын сандық технологиялардың уақытты үнемдеуге, сондай-ақ оқушылардың көру арқылы есте сақтау қабілеттерінің дамуына ықпалы зор екендігі сөзсіз. Интерактивті тақтаның, ғаламтордың көмегімен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырдым. Сабаққа арналған тест, диктант және шығармашылық тапсырмаларды электронды оқулықтан алып орындату уақытты үнемдетеді. Мемлекеттік тілді оқыту барысында ақпараттық технологияларды пайдаланып, түрлі презентациялар мен бейнежазба (мультфильм), музыкалық бейнеүзінді, ғаламтор суреттерін және электронды оқулықпен жұмыс жасаймын.

Мен осы бағдарламаның стратегияларын тәжірибе жүзінде қолдану барысында, ең бастысы – оқушылардың сабаққа ынтасы артып, олардың бір-бірімен пікір алысып, ой бөлісіп, ашық сөйлеуі, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастағанын байқадым. «Баланың ізденіп білім алуы, талаптануы оның қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алады», - деген Ыбырай Алтынсарин. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, тысқары отыратын оқушылар да ойларын азда болса жүйелеп, еркін айта бастайды, қызығушылығы оянады. Осы кезде деңгейлері әр түрлі оқушылар, соның ішінде талантты оқушылар да әр сабақтарымда

деңгейлік тапсырмалар, шығармашылыққа жетелейтін бес жолды өлең жазу, таныстырылым дайындау, т.б сияқты тапсырмаларды күнделікті беруге тырысамын. Бұл оқушылардың білімін саралап бақылауға септігін тигізеді. Осылайша дарынды, талантты оқушыны анықтап алу үшін оңтайлы әдіс болмақ.

Бәрімізге белгілі, біздің оқушыларымыз мұғалімнің бағалауына әбден үйреніп қалған. Бағаны не үшін алды, келесіде жақсы баға алу үшін не істеу керек деген талдау жүргізілмегендіктен, оқушылар үнсіз кете беретін. Ал, жаңаша оқыту әдісінде оқушыларды бағалауға көбірек көңіл бөлуіміз керек. Мен өз тәжірибемде бағалаудың әр түрін қолдануға тырысамын. Себебі жеке, жұптық, топтық бағалау бойынша бала өзін және өзгені бағалауды да салыстыра отырып, шынайылыққа да үйренеді. Сабақтарымда көбінесе бағалау парағын пайдалансам, оқушылар бірін-бірі, өзін-өзі өздері құрған бағалау арқылы бағалауын талдай отырып белсенді орындаса, сол сияқты жетон арқылы, балдық жүйе, жиынтық бағалау мен мадақтауды, «үш шапалақ», «екі жұлдыз, бір тілекпен» топтық бағалауларды міндетті түрде қолданамын. Ғалым И.И.Чеснокова өзіндік бағалауға зор мән бере отырып, әр түрлі әлеуметтік әрекеттестік барысында өзіндік баға да өзгеріске ұшырап, түзетіліп отырады деген пікір білдіреді [4, 8-бет]. Ал сабақтарда оқушылар өзін-өзі немесе өзара бағалауда қиналғандары күнделікті сабақтарда байқалып отырады. Менің қуанатыным, олар өздері туралы көп ойланады, өздерінің іс-әрекеттеріне есеп бере алады, яғни, бұл жерде өзін-өзі реттеу әрекеті де көрініп жатады.

Өзін-өзі реттеу әдісі оқушылардың өздері топтық

ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен, белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының да мектепке тартылғанынан, «үнсіз» оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпен орындағанынан көрініп жататыны анық. Бағалау кезінде де өзара жұптық, топтық бағалаулар тиімді әсер етеді. Оқушылар бірде бағаларына риза болса, бірде келіспеушілік болып, көздеріне жас алып жатады. Мұғалім ретінде өз тарапымнан тек демеу мен бағалау жүзеге асырылып отырады. Осыған дейінгі бағалауда мұғалім негізгі рөл атқарса, бұл бағалауда оқушылармен бірлесе отырып баға қойылатыны әділетті бағалауға жетелейді. Осыған орай алдағы уақытта оқушылардың бір-бірін шынайы бағалау дағдысын қалыптастыру керек деп түйдім.

Кембридж бағдарламасы негізіндегі мұғалімнің дайындығы мен үздіксіз кәсіби дамуының бірлігі орыс тілді мектептердегі оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеруінде оқушы мен мұғалім арасындағы жылы сезім, қызығушылық пен шапшаңдықты арттыратынына көзім жетті. Мен осы бағдарламаның стратегияларын тәжірибе жүзінде қолдану барысында, ең бастысы – оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, олардың сыни тұрғыдан ой қорытып, ашық, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастағанын байқадым. Бұған дейін өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да ойларын азда болса жүйелеп, еркін айта бастайтыны қуантты. Жеті модульді қолдана отырып, өзімнің де көптеген қызықты идеяларымды жүзеге асыру жөнінде белсенділігім, шығармашылық шыңдалуым күн сайын арта түсуде. Осылайша алдағы уақытта тиімді таңдалған әдістемелік

тәсілдерді қазақ тілі сабақтарында пайдалану арқылы мұғалім белсенді ортаны ұйымдастыра алатын тұлғаға айналмақшы. Ол үшін ұстаз деген ұлы атымызға сай үздіксіз кәсіби даму үстінде болуымыз шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №6/ 2011, 25-бет.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. «Қазақ тілін үйренейік» №3, 2012, 12-бет.
4. «12-жылдық білім беру» журналы, №8, 2012, 8-бет.



Жанар ҚОЖАБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласындағы
№173 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫНЫ ДАМЫТУ – ҰСТАЗ ПАРЫЗЫ

*Ұлттың болашағы – ұрпағында,
Ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында.*

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылу үшін бүгінгі ұрпақты тұлға боларлық деңгейде өсіріп тәрбиелеу керек. Ал жас ұрпақты ол

деңгейге жеткізу үшін білім мазмұнына жаңалық енгізудің жаңа да тиімді әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау қажет.

Алдына келген баланы қалыптастыруға ықпалын тигізетін ұстаз шәкірт бойына тән даралықты қалай байқайды?

Дарынды оқушы – тек қана жақсы оқитын оқушы ма? Бұл пікірді ағылшын ғалымы П.Торранс зерттеп, мұғалімге көп және қисынсыз сұрақ қоятын, көбіне түсінбеушілік туғызатын қияли, әр нәрсеге өз көзқарасы бар оқушыны дарынды деп дәлелдеген. **Дарынды бала дегеніміз** – басқа балаларға қарағанда мүлдем өзгеше, ерекше балалар. Ондай бала білімқұмар, қозғалмалы, дербес, көңіл-күйі әрқашан көтеріңкі, қарым-қатынасқа тез әрі жеңіл түседі. Егер де оны қоршаған адамдар дәл осындай түрде қабылдаса, ешқандай қиындықтар туындамаушы еді.

Дарындылықтың анықтамасы:

1. Іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін қабілеттіліктің өзара сәйкестік сапалығын айтады;
2. Іс-әрекеттердің жағдайдағы ерекшелігі кеңінен қамтылған адам мүмкіндігі;
3. Ақыл әлеуеті немесе интеллект. Оқуға, білімге жалпы танымдық мүмкіндіктер және қабілеті;
4. Баланың табиғаты арқылы дамыған қабілет түрлері;
5. Таланттылық пен адамгершіліктің жоғары жетістіктерге жеткізетін деңгейі.

Дарынды оқушыларды тандау барысында назар аударатын ерекшеліктер:

1. Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды;
2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан

өзгешелігі: өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады;

3. Дарынды оқушының физикалық тұрғыдан ерекшелігі: дамудағы шапшаңдық, ақындарша сөйлеу, жиі-жиі ойға берілуі, қиял күйінің басым түсуі;

4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: адамгершілік сезімдерінің ерте дамып, жоғары модальдік қасиеттерге ие болуы.

Дарындылық 3 өлшеммен анықталады:

1. Танымдық даму;
2. Психологиялық даму;
3. Физикалық даму.

Дарынды балалардың сипаттамасы:

1. Интеллектуалдық ауқымы кең;
2. Білімділік өрісі жоғары;
3. Ойлау қабілеті тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса, тоқтай алмайды, өз ойын ерте жеткізеді.

Дарындылықты анықтауда төмендегі факторларды ескеру керек:

1. Жас ерекшелігін;
2. Тұлғалық ерекшелігін;
3. Тестілеу кезінде жағдай туғызу.

Дарынды бала – өте білімпаз. Ол бәрін оқып, біліп, ұстап көргісі келеді. Элен Виннер бұл ерекшелікті «білімге құштарлықтың таусылмас бұлағы» дейді. Мұндай білімпаздық зерттеу таусылмайтын қызығушылыққа ұласып, өмірін байытуға жол ашады. Балалық шақта баланың дарындылығын байқампаздық қабілетінен көруге болады. Олар әрқашан да әр түрлі дәрежелі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болды. Дарынды балалардың сөздік қоры мол, күрделі синтаксистік

құрылымдар құрастырады, ойларын ерекше білдіреді, сұрақтарының құрылымы көңіл аударатындай өзгеше. Мұндай балалар балалық шақтан бастап күрделі, қиын кітаптар, сөздіктер, энциклопедиялар оқиды.

Жалпы, дарынды балалардың бойында қайталанбас, бірақ көпшілік дарынды балаларға тән ерекшеліктер көп кездеседі. Бұл ерекшеліктер баланың сөйлеген сөзінде, ойнаған ойынында, ересектермен, басқа балалармен құрған қарым-қатынасында, танымдық әрекетінде көрінеді. Ол ерекшеліктерді тек психологтар ғана емес, күнделікті тұрмыста балабақша тәрбиешісі, мұғалімдер, ата-аналар оңай байқайды. Қалыпты қарапайым балалардан дарынды балаларды ерекшелендіріп тұратын қасиетке баса назар аударып, педагогикалық үдерісті құрғанда сол қасиеттерді ескеру қажет.

Дарынды балалардың өзгеше қасиеттерінің ең негізгілерін атап өтейік:

1. Білімпаздық – білгіштік-танымдық қажеттілік. Бұл ұғым барлық балаларға тән. Н.Лейтестің ойынша, баланың бойындағы білім құштарлықты дұрыс арнаға бағыттап жетілдірсе, онда ол қабілеттің дамуына әрқашан ынта беріп отырады.

2. Мәселеге аса сезімталдық. Ешкім көрмеген, байқамаған жерден мәселені табу – шынайы дарынға ғана тән аса маңызды қасиет.

3. Ойлаудың шынайылығы (оригиналдылығы). Шынайылық – бала салған суреттерде, жазған шығармаларда және де барлық балалық әрекеттерінде байқалады.

4. Ойлау иілгіштігі. Шешім қабылдауды тез және оңай орындай алу қабілеті.

5. Ақыл-ой нәтижелілігі. Бұл дарындылық тапшығармашылықтың дамуына ықпал етеді.

6. Болжам жасауға қабілеттілік. Бұл барлық балаларға тән. Алайда дарынды балаларда бұл қабілет жарқын көрінеді. Олардың болжам жасауы тапсырмаларды шешу барысында ғана емес, сонымен қатар өмірлік шынайы жағдайларда да көрінеді.

7. Зейіннің жоғары құрамалылығы. Дарынды балаға зейіннің жоғары құрамалылығы тән. Біріншіден, тапсырмаға терең үңілу керек, екіншіден, таңдалған мақсатқа байланысты еш кедергіге қарамастан дұрыс бағытты ұстану қажет. Бұл жерде дарынды баланың күрделі және ұзақ орындалатын тапсырмаға деген қызығушылығы көрінеді.

8. Есте сақтау қабілеті. Дарынды балалар көп жағдайда айналадағыларды өздерінің есте сақтау қабілеттерімен таңқалдырады. Олар көп ақпаратты мида сақтап қана қоймай, ол ақпаратты жүйелеп, топтап, құрылымдап сақтайды. Мұны мнемикалық қабілет деп атайды.

9. Қызығушылықтар және бейімділік. Дарынды балалардың қызығушылығы кең болғандықтан оның қабілетін, қандай салада болса да, әрқашан дамытып, қолдап отыру қажет.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- Дарынды анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- Дарынды оқушыны жекелей және топпен оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, тұрақты жұмыс жүргізе алуы;
- Дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;

- Дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарына жетекшілік жасай білуі;

- Дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарда жетістікке жете алатындай деңгейде дайындай алуы;

- Дарынды оқушының ата-анасына педагогикалық-психологиялық көмек көрсете білуі.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білім мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті интеллектуалдылық күші жетік маман кадрлар болмайынша, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика, білім саласы дамымайды. Қай заманда да интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде ғана ел өркениеті өркендеме.

Қазіргі талантты балаларды дәстүрлі сабақтар жалықтырары сөзсіз. Дарынды оқушылармен сабақ жүргізу әрекетінде мұғалімге үлкен міндеттер жүктеледі. Тапсырманы түрлендіре отырып, дарынды бала бойындағы қабілетті басты назарда ұстау қажет. Тапсырмалар ойлануға, талдап жинақтауға құрылады. Түпкі нәтижеде оқушы өздігінен ізденеді, зерттеу жүргізеді, теорияны тәжірибе арқылы талдауға талпынады. Сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологияларына негізделген сабақтар оқушының қабілетін жан-жақты ашуға, оқушы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабақ үдерісіндегі шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары, оқылған көркем шығармаға рецензия жазу, тақырып

бойынша мәтін құрастыру, ойтолғау жазу, үлгілі істер туралы мақала жазу, әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат жазу, рефераттар қорғау, тақырыптық кештерде өзіндік көзқарасын білдіріп, ұсыныс, пікірлер айту сияқты ойлау мен жазу әрекеті арқылы оқушы шығармашылық жұмысқа төселеді. Осындай өзіндік ойлау мен ізденушілік әрекеттің нәтижесі оқушының ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бағыттайды.

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік қабілеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Оқушылардың пәнге қызығуын оқу бағдарламасы шеңберінде қанағаттандыру мүмкін емес, сондықтан да сыныптан тыс әр түрлі жұмыстар жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі – оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру. Дарынды балалардың қабілетін дамытуда ізденімпаздық шаралардың маңызы зор. Атап айтқанда:

1. Ғылыми баяндама жасау, рефераттар қорғау, жоба қорғау;
2. Пәндік олимпиадалар;
3. Абай, Шәкәрім, Мұқағали оқулары;
4. Зияткерлік ойындар, дебат;
5. Ақындар айтысы.

Осындай бағыттағы жұмыстар арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Мұндай әрекет шығармашылыққа баулып, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытуға, қиялын ұштауға және өз бетінше ізденуіне мол әсерін тигізеді. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу

арқылы оқушылардың қоғамдық, шығармашылық белсенділігі артады. Сонымен бірге оқушылардың іс-әрекетке, нәтижеге жетуге сенімділігі қалыптасады, шығармашылық ой-өрісі кеңейеді, дербес жұмыс істеу дағдысы жетіледі.

Жас таланттың бойындағы табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу – жауапты іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Егер өз заманының озық өнегесін санасына сіңіріп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыта алсақ, қоғам алдындағы ұстаздық парызды ақтаған болар едік. Ендеше, бүгінгі таңда ұлттық рухы жоғары, білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеп шығару – әр педагогтің алдында тұрған ең маңызды міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы стратегиялық дамуының 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы.
2. С.Б.Бабаев, Ж.К.Оңалбек. Жалпы педагогика. А., 2006.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» әдістемелік журналы, 2/2013.
4. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журналы, №4(16), 2010.
5. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журналы, №2(14), 2010.
6. Ә.Дүйсенова. Мұғалім – мектептің жүрегі. А., 2005.
7. Қ.Жарықбаев. Психология. А., «Білім», 1993.
8. Ж.Б.Қоянбаев. Педагогика. Астана, 1998.

Сандуғаш САМАШЕВА,
Жанар ӘЗІРБАЕВА,
Өскемен қаласындағы
№34 мектеп-лицейдің
қазақ тілі пәнінің
мұғалімдері.

ЖЕКЕ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Қазіргі білім беру «Жалпы білім беретін мектептердің білім-білік дағдыларын біртұтас жүйе ретінде қалыптастыру керектігін көрсетеді. Қазіргі білім мазмұны білім сапасын анықтайтын өзіндік тәжірибе әрекеті және оқушылардың жеке бас жауапкершілігін, дәлірек айтқанда, білім мазмұнын анықтайтын біліктілік кілтін табуға талпынуымыз қажет».

Педагогика-психологиялық зерттеулер мен біздің педагогикалық тәжірибеміз балалардың білім және әрекет икемділіктерін әр түрлі етіп көрсетеді. Еске сақтауда ырғақ, деңгей, ойлау бейнесінің әр түрлілігі ұзақ уақытқа дейін сақталғандығы ақыл және оның басқа жағдайда тасымалдануы баланың жеке тұлға ретінде дамуына ықпалын тигізеді. Кез келген оқушы тек берілген тапсырманы белгілі мөлшерде орындап қана қоймай, мұғалімнің стандартқа сай талабын іске асыруы керек. Жоғарыда айтылғандай, менің педагогикалық әрекетімнің мақсаты – оқушының білім жолындағы әрекетінің іске асуы барысында жағдай жасау.

Мақсатымызға жету жолында мынандай міндеттер қоямыз:

- оқушының өз қызығушылығына қарай алатын білімін жоспарлай білуі;
- өз оқу дағдысын және оған сай дидактикалық материалдарды талдай білуі;
- өз білім нәтижесін бақылау барысында талдауды (мониторинг) пайдалануы;

Қазіргі жаңа технологиялар жүйесінің көбі жоба жұмысындағы жеке даму бағдарламасы арқылы тиімді екенін көрсетіп отыр. Жоба технологиясы зерттеу әрекетінің рухани және белсенді амал әрекеті арқылы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен мүмкіндіктер ашады. Әдістеме негізі – оқушылардың жан-жақты дамуына, білімін өздігінен құру және ақпарат кеңістігінде дұрыс жол табу. Бұл әдістеме біздің әр облыстан келген балалардың ортақ мәселелерін шешу, тәжірибе барысында алған білімдерін қолдануға мүмкіндік береді. Біздің жоба ғылыми-зерттеу әдістемесі шығармашылық белсенділікті, жаңа ой-пікірді, жеке басының және ұжым жауапкершілігін арттыруда құрама және басты бөлімі болып табылады.

Аймақтық компонент облыс, республика көлемінде мынадай жобалардың тууына мүмкіндік берді. Баланың табысты оқу бақылауына мына білім қорытынды диагностикасы ұсынылды:

1. Бақылау жұмыстары;
2. Бағдар қағазы.

Бағдар қағазы оқушының өзіндік жол көрсетуге, дұрыс жол таба білуіне көмектеседі. Бағдар қағазы өз

қызығушылығына қарай жоспарлаған оқу тақырыбына кіреді. Бағдар қағазы салынған оқу материалы нақтыдан – абстрактіге, жеңілден – күрделіге жетелейді. Бағдар қағазы оқушының хал-жағдайын білдіретін құрал:

1. Оқу әрекетін жоспарлау;
2. Арнайы дағдыны дамыту үшін материал таңдау;
3. Сыныптастарына қарағанда, өзінің бір қадам алға жылжығанын көру;
4. Ғылыми-зерттеу жұмысына кірісу.

Бұл үшін біздің мектепте бар жағдай жасалған. Міне, көп жыл бойы шығармашылығы мол және талантты балалар мен ұстаздардан құралған «Светоч» ғылыми-лицей қоғамы жұмыс атқарып келеді. Ұстаздар өздерінің болашақ зерттеушілеріне барлық жағдай жасаған. Жобаға арналған тақырыптар беріледі, оқу сабақтары жүргізіледі. Болашақ зерттеу жобаларын балалар жоба әрекеті және жеке бағдар арқылы өздері таңдап алады.

Өткен жылы «Зерде» атты ғылыми жобада қазақ тілі пәнінен балалар 1-2-орындарды иеленді:

Самарханова Диана – 4-сынып оқушысы, 1-орын. Республика көлемінде.

Тұрсынова Гүлдана – 2-орын, «Жарқын болашақ». Ханжарова Виктория – 6-сынып оқушысы қазақ тілі пәнінен Республикалық олимпиада жеңімпазы. Облыстық олимпиада жеңімпаздары: Нестеренко Юлия, Жмайлова Варвара, Садвакасова Адия, Виниченко Маргарита. Міне, бірнеше жыл көлемінде қазақ тілі кафедрасы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұстаздарымен бірлесе жұмыс атқаруда. Осы бірлескен жұмыс біздің табысқа жетуімізге үлестерін қосуда.

Майра БЕЙСЕБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№97 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ. «ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

(Жалғасы. Басы №8 санда)

Автор:

- Уәделі күні дүние аямай Нұрым келді.

Ел:

- Бай деп, кісі деп Нұрымды айт.

Ел:

- «Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы» деп шіркін
ерледі ғой.

Ел:

- Қамар секілді қосағының тұс келуі сонысына
қарай ғой.

Ел:

- Ой, өркенің өссін! Алғаныңмен қоса ағар!

Ақын:

- Ат берсең алты алашқа мақтар едім,
Аузымды өле-өлгенше сақтар едім.

Басқан жер, барған елде жайып салып,
Ат берген қызметінді ақтар едім,-
дегенде жорға **Нұрым:** - «Е, еһ, Жұмабайшы,
Жұмабай»,- деп қасындағы ат қосшысын көрмей,
шақырды.

Жұмабай: - Не айтасыз?

Нұрым:

- Баршы, астымдағы жүз теңгелік жорғамды, елу
теңгелік ер-тоқымымен мынаған әкеп мінгізші! Мынау
шапаның. Ал, мынаған салыңдар! - деп үстіндегі
шапанды шешті.

Жұрт:

- Бәрекедді! – деп бірі бәкі, орамал, ақша сала
бастады.

Автор:

- Жалғыз не жылай алмай, не қолынан ештеңе
келмей Омар ғана қайғылы.

Омар:

- Бір күн тойса есектер
Ми жоқ алдын есептер.

Қамар (Қамар құрбысының тізесіне басын қойып):

- Көр, міне, Қамар қандай, аға, бауыр!
Келе ме қайта айналып өткен дәуір?
Еріксіз бір есекке қостың, елім,
Дүниеде не қорлық бар онан ауыр?

Шынымен сол Нұрымға кеткенім бе,

Бәлеге құтылмастай жеткенім бе?

Малы көп, мал сияқты пасық қақпас,

Жанымды соған құрбан еткенім бе? Еткенім бе?

Еткенім бе?! – деп талықсып жығылып кетті. Су бүрікті,
бетінен соғып есін жиғызды.

«Қол ұстатарды» тосқан келіншектер тоңып кетті.
Шымылдық ішінде тықыршып отырған **Нұрым:** - Бұл
немене? Болсандаршы,- деді.

Қамар жалынып келген адамды жұлып, әлдеқашан
жатып қалған.

Оспанның әйелі:

- Қашанғы бұған әке-шүке деп жалынамыз? Міне, таң
атты, жүріндер! Алып жүр! Не заман? Ұят-ай! Сақалды
басы... Ойбай-ай! Болыс басымен әлі тосып отыр, әлі
тосып отыр. Тұр. Мұның ықтиярына көне берсең...

Әйелдер:

- «Ал»,

Жұлмалап, шырылдатып, жылатып, әйтеуір
Нұрымның қасына әрең әкелді.

Қолын ұстатты, шашын сипатты.

Әйелдер:

- «Міне, жаным, әйтеуір сіз үшін көрмегенді көріп,
қолыңа әкеп тапсырдық. Обалың өзіңе» - деп кәдесін
алып шығып кетті.

Нұрым аймалап, сүймекші болып еді, Қамар
қалшылдап, басын бөренеге соқты.

Нұрым:

- Маһ! Моһ! Неге... неге?

Қамар:

- Не болды, жарықтық, тоқтай тұршы, сөйлесейік, - деп
алдап тоқтатты.

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!

Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.

Уай, шіркін, өмір сүрмек меніменен,
Мал шашып, маңызданған ебіменен.
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Бір минут тұра алмаспын сеніменен.

Нұрым:

- «Қап, бәлем» деп ызаланды, қорланды. Ат берген
өлеңшісіне, - Маған өлең шығарып бер, деп Қамарға
берді.

Нұрым:

- Әй, Қамар, бұлқынсаң да түстің торға,
Абайлап қарасайшы оң мен солға.
Бекерге тәтті аузыңның дәмі кетер,
Тілімді ал, осы күннен әуре болма.

Енді біл, жатар орның жайлап қойғам,
Басыңды қу қазыққа байлап қойғам.
Барар жер, басар тауың – бәрін-дағы
Өл десем өлетін қып сайлап қойғам.

Әрине, сөз сенікі келмей кетсең,
Келер болсаң, иттей қып басқа тепсем.
Ішкізіп итаяқтан сары суды,
Дүниеде арманым жоқ соған жетсем.

Қамар жауап жазды:

- Ол рас, менің жоқ қой басар тауым,
Нәрсенің көз алдымда бәрі – жауым.

Жалғыз-ақ тиыш жерім – қараңғы көр,
Сонда барып жатамын, бар ма дауың?

Етімді сен сипаған құрттар жесін!
Қабырдағы хашарат «жұрттар жесін».
«Ауызға сөз, маңдайға көз боп жүріп,
Қор болған, міне, осылай Қамар»- десін.

*Кеш. Үйлерде шам жағып, жұрт шайларын ішіп
болған.*

*Пышағын қайрап, қамшысын сабап жүрген Бәйтек
молда:* - «Қане! Дастарқан, неке... су, күміс салу керек...
куә, куә», - деп сыбанып кірісе бастады.

*Омар бұрышта төмен қарап жермен жер болып
отыр.*

*Бір қыздың қолтығына тығыла зарлап Қамар жатыр.
Куәлікке адам табылмады, бәрі:* «Қамарға бетіміз
шыдамас», - деп қашады. Зорлап біреуді тұрғызады.

Молда:

- «Бар! Сұрап, ырымын қылындар. Ата-анасы
берген соң жетеді, сонда да...»

Қамар (Шыдамай орынынан жұлынып тұрады да):

- Жұртым-ау, Құдайыңды ойлаймысың,
Ұстап сату әдетін қоймаймысың?!
Көптен бері зарлаттың аямастан,
Жетер енді со-дағы, тоймаймысың?!

Жұртым-ау, Қамар қандай, Нұрым қандай?
Құрым сақал, қоңқиған мұрын қандай?
Нұр шашып, жалт-жұлт етіп жайнаған жүз,
Қарашы, бүгін қандай, бұрын қандай?

Қолына кітабын ала салып, Нұрымға жақсы көріну үшін **Бәйтек молда:**

- «Қой, балам, жетер енді».

Бармаймын матасаң да, байласаң да,
Кәрі итті алтын жағып майласаң да.
Өлемін осы арада соны көрмей,
Көнбеймін бұғаулатып айдасаң да.

Жүретін сойып сатып, жасы-қарты
Мал емес төрт аяқты әйел халқы.
Уау, молда, түзулікті айт Құдай үшін:
Жоқ па еді күпу* деген неке шарты
(*тең, дәрежесі бір)

Молда:

- Шырағым, ренжітпе атаңызды,
Бұзбаңыз Құдай дескен батаңызды.
Сүннетін Пайғамбардың қабыл қылмау –
Зор күнә, мен айтайын қатаңызды.

Қамар:

- Пайғамбар тең емеске бар деген жоқ,
Зар жылатып бес қара ал деген жоқ.
Шал болсын, пасық болсын, сасық болсын,
Сата бер, әйел заты – мал деген жоқ.

Молда:

- Ата-анаң сені өсірді қандайыңнан,
Асырады ас кетірмей таңдайыңнан.
Әуелде бір Алланың жазуы сол,
Шал болса да, бара көр маңдайыңнан.

Қамар:

- Ай, молда, түзушілік қайда қалды,
Жазып па Құдай бізге сасық шалды?
Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де
Қоса ма қу ағашқа өрім талды?

Молда:

- Тәуекел, бекем байла беліңізді!
Түсірме бүлгіндікке еліңізді!
Пәленшенің баласы солай демей,
Сөкпеңіз Құдай қосқан еріңізді!

Қамар:

- Қызыл жібек тәнімді жүн қылмаймын,
Жарқыраған күнімді түн қылмаймын.
Неке қияр ала алмай қаласың деп,
Шалға барып басымды күң қылмаймын.

Багады деп қорықпаймын елім дауға,
Тым болмаса бермеді дені сауға.
Мені аяса, мал үшін жылатпасын,
Бермесін опсырайған обыр жауға.

Молда (ашуланып):

- Көп сөзді қой, су әкел, неке оқимын,
Аятыл күрсі, алхамды жеті оқимын.
«Бысмылла» деп ішіне ақ күміс сал,
Бір-бірін сүйгендей ғып жеке оқимын.

Қамар:

- Бола ма ризасыз неке дұрыс?
Ұялмастан айтасың неге бұрыс?
Дуала, мейлің үшкір, мейлің түкір!
Бақыр, шақыр, болмасқа кеткен бұл іс.

Молда:

- Үндеме, дұрыс-дұрыс, дұрыс-дұрыс,
Өз мойныма обалы болса бұрыс.
Бұзылған бадбақыттың бұзық сөзін
Біздерге жарамайды тыңдап тұрыс.

Қамар:

- Тыңдамасаң, әрі кет мыңқылдамай,
Жүк артқан өгізге ұсап ыңқылдамай.
Жерді қап, жемтігінді жегір, молда,
Неке қияр алам деп қыңқылдамай.

Молда:

- Шырағым, ашуланба, жай бір сөзім.
Монтандығым болмаса егер, шықсын көзім!
Араңа мұсылмандық айтамын деп
Бәлеге қалдым, міне, менің өзім.

Қамар:

- Сөзіңді естімеймін, кетші, молда,
Өлемін оған бармай осы жолда.
Осының бәрін қылған Оспан ағам,
Жібермес, Құдай білер, көздің жасы.

Молда (төмен қарап, көзіне жас алады):

- Қайтесің, шал болса да, малы бар шал,
Мал болған соң, ауызында балы бар шал,
Сен – бұлбұл, ол қара құс болса-дағы,
Қосатын сені өзіне халі бар шал.

Шырағым, бәрі де рас айтқан сөзің,

Өртеді іш-бауырымды жасты көзің.

Қайтейін, аясам да амалым жоқ,

Әркімнің көз ұшында жүрмін өзім, - дегенде далаға

шығарып жіберіп,

Нұрым мен Оспан:

- Тепкіле! Тепкіле!

Молда қашып құтылады.

Омар:

- Асыл туған қарағым, данышпаным! Қара басым қанға боялып, малым жауға, басым дауға таланса да, сені ренжітпейін, бермейін, бермейін, қарағым, асылым, құлыным, жұлыным! – деп өкіріп жылап Омар жатыр.

Оспан:

- Мұның не, ұят емес пе?

Омар:

- Өзіме де, саған да пышақ саламын. Түбіме жетіп, тұқымымды құртайын деп жүр екенсің!

Оспан:

- Ісіміздің жайы мынадай болды. Әлгі жынды неме, баласы жылаған соң, қимай жүр. Қазір бәрімізге пышақ салып алудан тайынбайды. Жәукенің шала қазақ баласы қыларын қылып болған соң, өз ұятын біліп, қашып кеткенін көрмеймісің? Қап! Бұл жолы қайтайық, кейін білерміз.

Нұрым (қасындағылар):

- Мұндай қорлықты қайда көріп едік?

Ақсақал:

- Бұл жолы жердің үстімен келіп, астымен қайттыңыз. Дуалап қойған ғой. Ендігі келгеніңізше, бәрін көндіріп қоямыз. Көңіліңізге ешнәрсе алмай кетіңіз, мырза!

Нұрым (ызаланып):

- Әй, бәлем-ай, сені ме?

Жұрт:

- Ойбай, Омардың соры қайнады, тәтті аузының

дәмін кетірді ғой.

Қалтан мен Оспан:

- Ал, шоқынды, түбіме жеттің! Қане мықты болсаң, бермей ұстап тұршы, көрейін. Қияметке дейін көрмеймін.

Омар:

- Құдайға тапсырдым. Көрмесең, көрге көміл, жауыздар!

Біраз күн өтеді.

Омар:

- Құдай жеткізер, Қасен ағаң да келер, қарағым!
Ұйықтап жатқан Қамар шошып оянады. Әкесін қан қылып сабаған.

Омар:

- Ойбай! Кісі! Қарағым, Қамар! Ойбай, ойбай өлдім.

Нұрым:

- Бәлем, бермейтін мықты неме ғой! Көрейін мұның сотын! Әлгі мені сүймеймін деген дүзіқара қаншығы қайда? Тигіз менің қолыма.

Жігіттер:

- Жүр! Неге тұрсың?

Қамар бар пәрменімен секіргенде басын соғып, шалқасынан құлайды. Ессіз жатқан Қамарды алып кетті.

Жұрт:

- «Нұрекең жүз кісімен өзі барып, Қамарды әкепті, бірақ айла болса керек. Қамар үйінен шыққаннан талып, әлі есін жимаған, әлсін-әлсін аузына келгенін сөйлеп, шатаса береді дейді».

Басқа жұрт: Өйдай, қайырлы болсын. Ой, сабазың! Жарайсың! Сол керек еді... Қоса ағар!

Нұрым:

- Омин, омин! Ас та төк!

Нұрым аймапалап жақындай бергенде, өлейін деп жатқан Қамардың киналғандағы жан дауысы бүкіл халықты түршіктірді. Қамарды ауру деп емшілер қаптап кетті.

Қамар:

- А, Құдай, енді мені күйгізбей ал!

Жауыздың суық тәнін тигізбей ал!

Антым бұзбай алдыңа мен барайын,

Ахметтен басқа жанды сүйгізбей ал!

Жұрт:

- «Әне, дуа! Көрдің бе?»

Омар қыздың қасында болды, қаладан доктор алғызды.

Доктор:

- Емдейтін уақыттан өтіпті. Апыр-ай! Чахотка болғанда да біртүрлі қуаттысы екен, болса – бір-екі айлық қана өмірі болар. Шатасатыны – қорқып, жүрегі ұшқандық. Емдетпей, күтсе, онысы басылады.

Жұрт:

- Ойбай, доктор былшылдайды, түк те білмейді. Әбілда ишанға бақтыру керек.

Нұрым:

- Тақсыр, мынадай бір мүскіліміз болып тұр. Сәті түсіп, жазылып кетсе, жанымнан өзге қалғаныңыз сіздікі.

Ишан:

- Иншалла, анау күнгі түсім теріс емес еді.

Жұрт:

- Жарықтық, әулиелердің дауысын қарасайшы, бүркіттің дауысындай саңқ-саңқ етеді.

Ишан:

- Аурудың иесі арамызға көк өгіз болып келіп жүр екен, әйтеуір, қудым.

Енді бір ишан:

- Апыр-ай, дуа бойына әбден сіңісіп кеткен екен. Жүрегіне жетуге аз қалыпты. Оны емдеу үшін жеті жылдық қойдың өкпесі, сары ешкінің қарынымен жеті күн емдеу керек.

Қамар бірдеңе дейін десе,

Молда:

- Әне, дертінің иесін ерегістірді.

Ишан:

- Апырым-ай, дертінің иесі күшті екен. Менімен алысып, қара кездігін тығып алғанын көрдіңіз бе? Әйтеуір, сіз арашаламағанда...

Екінші молда:

- Ие, түндегі ме? Ол маған неше күндей келіп бата алмай жүр еді. Соңғысының атын аңғара алмадым, бастапқыларының аты Әмина, Сәлима, Халима ма еді,- *деп қағазға аттарды жазып* «күйдірейік, бәтшағар дұшпандарды».

Біреу:

- Қожекең қарағалы өңі тәуір.

3-Ишан:

- Әйтеуір, сіздің шақырып, біздің келгенімізге қарай бабаның кәрі аруақтары жар болды. Кейінірек Көңілбай бақсыны шақырып, бір-екі оқытып алыңыз. «Оны үйге кіргізбе, кесапаты бар», - деп Нұрым жеккөретін 1-2 адамды айтты.

Шындығында, Қамар, тіпті, нашарлап қалған еді.

Көңілбай бақсыны алдырды.

Көңілбай:

- Қамардікі үйірлі жын. Әуелі, жындарымды шақырып, аруақтарымды жинап үш күн ойнаймын. 7 қуыршақ, 7

қара тікен тұз, үш жылғы қара ешкінің сүйегімен зиратты
айналамыз. Жылайды, жалынады, аяушы болмаңдар,
бәрін қылдыратын – жын.

Қамар оны қасына жолатпай шырылдай бастады.

Көңілбай:

- Әне, Құдай берді! Жазылайын деп тұр. Иншалла!

Екі қолын артына таңып байлап қою керек.

*Енді қамшыны ала салып, өзін-өзі ұрып: «аруақ, аруақ»
деп айқайлайды.*

Қамар:

- Әй, ағайындар! Мынадай қорлықты көрсеткенше,
жанымды қинамай өлтіріңдер. Болмаса қолымды
босатыңдар, өзім өлейін.

Жұрт:

- Апырым-ай, мына бақсыға ерегесуін қарашы!

Көңілбай:

- Ақ боз атты қасында,

Әуей көгі басында,

Анау кірді миыңа,

Жүректегі жиынға.

Аруақ жәрдем бермесе,

Істің түбі барады

Шама келмей қиынға,- деп Қамарды басқа да, көзге
де ұрғылайды.

Қамшыға шыдамаған Қамар жалына бастады. Оған
өңкей мисыз өгіздер:

- Әйда-ай! Құдай берді. Қамар жазылды. Біздің бақсы
дерттің иесін жеңді.

Бақсы:

- Ә, солай ма? Сүйтуші еді ғой, баяғыда, - деп күлің-
кіреп, шаршаған адам болып:

Айналайын, аруақ-ау!

Толғанайын, аруақ-ау!

Жан қысылған кезінде,

Қолға алайын, аруақ-ау!

Жұрт сенген сайын, «мен бүгін пәленмен алысып шықтым, бүгін ұйықтамадым», - деп өтірікті зымыратты.

Жұрт:

- Бейшараның бақыты бар екен, Ахметке барса несібін беріп қарататын еді?

Үшінші күні Нұрым Қамарды көтеріп алып, зияратқа кетті. Екі аттыны көреді. Ол Омар мен Ахмет екен. Ахмет Қамарды көрмекші еді, екеуін сөйлестірмей, көтеріп алып кетті.

Үйге келгенде Ахмет өз көзіне сенбей:

- Ой, пірім! Алла-ай! Мынау Қамар ма? Қамаржан ба? Қалқажан ба, шын сол ма?- деп киімін шешпестен Қамарды жастығымен құшақтап, өкіріп жылай бастады.

Нұрым:

- Не болды? Енді жазылып келе жатқанда, тағы ауруы ерегесіп кетеді.

Қамар есін жиып, Ахметті көрді, өз көзіне сенбей тұрайын деп еді, күші жоқ екен. Қолын жүрегіне апарып, жылай бастады.

Омар:

- Қой, қарағым, қиналып қаласың ғой, - деп көзін сүртіп еді.

Қамар:

- Аға, тұра тұршы! Жан досым, Ахметпісің, жанымбысың! Қайда жүрдің? Қайдан келдің? Қарағым дейтін Қамарыңды көруге келдің бе? Міне, көр, көр!

- Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар.
Айдай әлем аузының суын құртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар.

Құдайға бүгін алса арманым жоқ,
Түксиген түк сақалға барғаным жоқ.
Қорлықта қосыла алмай кетсем-дағы
Әйтеуір, жүзің көрмей қалғаным жоқ.

Қамар:

- Уай, дүние! Арманда кеткен қыршын жаным-ай!
Қазаққа мұнан былай жарық көрсет! Қанағат бер,
Құдайым-ай!

Ахмет:

- Кетіп ем күйік қылмай сенен қашып,
Шыдамай, тағы келдім жаным ашып.
Артында алты қырдың жүрсем-дағы,
Өртедің іш-баурымды, қайран ғашық.

Сені кім отқа салған шырылдатып,
Қойыпты тамағыңды қырылдатып.
Құтырған көк төбеттей арс-ұрс етіп,
Бақсыны кім әкелген ырылдатып.

Келіп ем көзі барда көрейін деп,
Көрген соң, күйігіңнен өлейін деп.
Шыдамай бұл қорлыққа мен отырмын,
Өзімді сенен бұрын көмейін деп.

Нұрым:

- Тұр, шықшы! Сүйреп шығарындаршы! Дуаны қылып-қылып, сиқырлап, сенен өшімді аламын.

Ишан:

- Дерттің иесі ерегесіп кетті. Айттым ғой, ешкімді кіргізбе деп

Ахмет:

- Бес минут мұрсат беріндерші! Өзім де шыққалы отырмын. Тым болмаса арыздасып, көңілімізді басалық.

Нұрым:

- Арыздасатын мұның несі еді? Ұр итті! Байла!

Қамар:

- Жан достым, қайда кеттің? Менен қаштың ба? Көзіңнен жөнелт!

Жұрт:

- Шырағым, бағанадан бергің де жетті. Шыға ғой, Нүрекеңнің ашуы басылсын!

Бақсы:

- Шыға ғой деп жалынатын не бар? Мұны да бірдеңе ерегестіріп тұр. Дәдесін қолына берейін!— деп қамшысын алып, әбден ұрды.

Ахмет пышақты ала салып, бақсыға салды. Нұрымға да тиді, бірақ арашалап келушілерді пайдаланып қашып кетті.

Ахмет:

- Қарағым, Қамар, міне сенің үшін жаным, қасықтай қаным, қош! — дегенде артынан екі сойыл тиіп арманда жүріп кетеді.

Зәуреш ҚАЙЫРОВА,
Ақмола облысының
Шортанды қаласындағы
№3 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БҰЛ ҚАЙ КЕЗДЕ БОЛАДЫ?

Сабақтың мақсаты: оқушылардың білім, білік дағдысын қалыптастыру, ой-өрісін, тілін дамыту, сөздік қорын байыту.

Міндеттері: **білімділік** – сын есім және сын есімнің жұрнақтарын практикалық жолмен пысықтау, өз беттерінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, тілін дамыту; **дамытушылық** – тақырып арқылы оқушылардың танымдық қабілетін, сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту, ізденіспен жұмыс істеуге жұмылдырып, шығармашылық белсенділіктерін арттыру; **тәрбиелік** – білімге, тілге, пәнге деген қызығушылығын арттыру, ұжымшылдық, ізденімпаздық, жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдістері:** ой қозғау, Венн диаграммасы, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Көрнекілігі: суреттер, түрлі-түсті қағаздар, флипчарттар, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, сурет сабағы, әдебиет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезені:

а) Сәлемдесу.

ә) Психологиялық дайындық (бір-біріне жылы сөз айту)

ә) Кезекшінің мәлімдеуі:

- Сыныпта кім кезекші?
- Кім сыныпта жоқ?
- Қазір қай сабақ?
- Қазақ тілі нешінші сабақ?
- Қазір қай ай?
- Желтоқсан қыстың нешінші айы?
- Бүгін желтоқсанның нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Үйге қандай тапсырмалар берілді?

б) Сыныпты топқа бөлу.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

- Сын есім дегеніміз не? (ережені айтып беру).
- Тақтада жұмыс (сын есімнің жұрнақтарын меңгергенін тексеру).

Әр топтан бір оқушы шығып, тиісті жұрнақты қойып береді және бір – бірін тексереді.

1-топ

Қыс...(қы, кі)

Қала...(лық, лік)

Тау...(лы, лі)

Ақыл...(сыз, сіз)

Орман...(ды, ді)

2-топ

Жаз...(ғы, гі)

Әке...(лік, лық)

Өнер...(лі, лы)

Ұлт...(ты, ті)

Жолдас...(тық, тік)

3-топ

Күз...(ғы,гі)

Шетел...(дік, дық)

Көл...(ді, ды)

Білім... (сіз, сыз)

Туысқан...(дық, дік)

- осы сөздермен сөз тіркестерін құрастыру;
- сөйлем құрастыру.

Ойқозғау.

Тақтаға түрлі-түсті қағаздар іліп қою.

- Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? Атап беріңдер.

- Сендер, осы түстерді көргенде қандай жыл мезгілдерін елестетесіңдер?

- Неге?

Оқушылардың жауабы.

Жұмбақ шешу арқылы мәселені шешу.

- Жел соғады, ағаш оңға, солға майысады, қар жауады,

Бұл қай кезде болады?

- Дұрыс, қыста. Бүгінгі тақырыбымыз: «Бұл қай кезде болады?». Сендер дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күн мен айды, тақырыпты жазыңдар.

Сурет бойынша жұмыс.

Тақтаға «Қыс» тақырыбына сурет іліп қою.

- Балалар, суретте қай жыл мезгілі көрсетілген?

- Суретте не салынған?

- Қыс мезгілінің айларын атап беріңдер.

- Желтоқсан айында қандай мерекелер болады?

- Балалар, қыста ауа райы қалай өзгереді?

- Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Сергіту сәті.

Оқулықпен жұмыс:

- 85-беттегі жаңа сөздермен жұмыс;

- мәнерлеп оқып, хормен қайталау;

- сөз тіркестерін құрастыру.

Топтық жұмыс.

Оқушылар флипчартқа өз ойларын салып, тақтаға шығып қорғайды.

1-топ: а) «Қыс» сөзіне тірек-сызба құрастырып, әңгімелеу;

ә) 86-беттегі сурет бойынша жұмыс (әңгіме дайындау).

2-топ: а) «Қыс» тақырыбы бойынша сурет салып, әңгімелеу;


ә) 86-беттегі сурет бойынша жұмыс (диалог дайындау).

3-топ: а) «Қыс» тақырыбына диалог құрастыру (Ақшақар мен Аяз атаның әңгімелеуі);

ә) «Қыс» тақырыбына тест құрастыру (5 сұрақ).

Қорытынды.

Сабақты Венн диаграммасы бойынша қорыту.



Бағалау: 5- 4- 3

Үйге:

1) 86-беттегі 1- тапсырманы жаттау.

2) 86-беттегі 2-тапсырма, жұмбақтарды көшіріп жазып, шешу.

3) 85-беттегі жаңа сөздерді жаттау.

Рефлексия:

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Несімен?

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАСЫ

Сабақтың мақсаты: тақырып бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** білімділік – лексикалық тақырып бойынша ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, білімдерін толықтыру; дамытушылық – сөздік қорын байыта отырып, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, ой-өрісін кеңейту, танымдық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік – ақпараттық технологиямен жұмыс істеу мәдениетіне тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** ұжымдық, жұптық, топтық түрде бірлесіп білім алу. **Әдісі:** көрнекілік, сұрақ-жауап, іздендіру, дәлелдеу, әңгімелеу. **Көрнекілік:** суреттер, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру.

Ой шақыру.

I. Жаңа тақырыпқа шығу.

- Ұялы телефон дегеніміз не?
- Сендер ұялы телефон қолданасыңдар ма?
- Ұялы телефон арқылы интернетке шығуға болады ма?

II. Оқылым. Мәтін.

Мен ұялы телефонды сабақ уақытында сөндіріп қоямын. Себебі кездейсоқ қоңырау түсуі мүмкін. Ондайда мұғалім ескерту жасайды.

Менің ұялы телефонымның фотоапараты және бейнекамерасы бар. Әдемі сәттерді суретке түсіремін. Бейнекамераға жазамын.

Телефонмен достарыма смс, ммс жіберемін. Ұялы телефонмен кейде интернетке кіремін. @ mail-ды жазып, өз «Әлеміме» де кіремін. Электронды поштамды тексеремін. Ұялы телефонның қызметі қымбат. Сондықтан мен ұзақ сөйлеспеймін. Жақында телефонымға агент орнаттым. Ал агент арқылы сөйлескен арзан. Телефон арқылы достарымды кез келген жерден тауып аламын.

Ұялы телефонды ұзақ пайдалануға болмайды. Себебі оны ұзақ пайдалану уақытыңды алады, шаршатады. Уақыттың қалай өткенін байқамай қаласың.

III. Мәтін бойынша тапсырма.

1. Әр оқушыға мәтінді ішінен бір рет оқу ұсынылады.
2. Оқушылардың мәтінді түсінгендерін тексеретін жұмыстар орындалады. Тақтаға мынадай сөйлемдер жазылады: Ұялы телефонды сабақ уақытында сөндіріп қоямын; *Жақында телефонымға агент орнаттым; Ұялы телефонды ұзақ пайдалануға болмайды.* Оқушы осы сұрақтарға нақты жауап берсе, мәтінді дұрыс түсінгені.

3. Сөйлемдердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

№	Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1.	Мен ұялы телефонды сабақ уақытында сөндіріп қоймаймын.		
2.	Менің ұялы телефонымның фотоапараты және бейнекамерасы бар.		

3.	Ұялы телефонмен интернетке кіре алмаймын.		
4.	Телефон арқылы достарымды кез келген жерден тауып аламын.		
5.	Ұялы телефонды ұзақ пайдалануға болмайды.		

4. Топтық жұмыс. Әр топ бір-біріне 3-4 сұрақ қойып, жауап береді.

IV. Грамматикалық тапсырма.

1. Мәтіннен мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап.
2. Мәтіннен неологизм сөздерді тап.
3. Жіктік жалғаулы етістіктерді табыңдар.

V тапсырма.

Рөлдік ойын. 1-топ. Телефонмен сөйлесу.

Қатысушылар: оқушы және сабаққа келмеген сыныптасы.

Сұрақтар:

- 1) Сен сабаққа неге келмедің?
- 2) Қалай ауырып қалдың?
- 3) Емханаға бардың ба?
- 4) Дәрігер қандай ем берді?

2-топ.

Мәтіннің мазмұны бойынша тест құрастырады.

3-топ.

«Ұялы телефон» тақырыбына эссе жазады.

VI тапсырма.

I топ. Синквейн жазады. Ұялы телефон.

II топ. Венн диаграммасын құрастырады. Ұялы телефон. Электронды пошта.

III топ. Тірек-сызба.

Рефлексия: Сабақта не туралы білдік?

Үйге: 1. Мәтінді мазмұндау; 2. «Болашақтағы ұялы телефон» тақырыбына эссе жазу.



Венера СУФИЯНОВА,
Петропавл қаласындағы
«№ 26 мектеп-балабақша» КММ-ның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ СӨЗДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – «Мамандыққа қатысты сөздер» тақырыбына байланысты сөздерді еске түсіру, сұрақ-жауап және әр түрлі тапсырмаларды орындау арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сауатты сөйлеу, мәнерлеп оқу, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – қазақ тілі сабағына қызығушылықтарын арттыру, еңбекке, білімге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** ой қозғау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәтінмен жұмыс, сөздік жұмысы, тапсырмалар орындау, диалог құру, интерактивті әдіс.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, флипчарт.

Сабақтың эпиграфы: «Әр адам өз мамандығының шебері болуы керек».

(Н.Ә.Назарбаев).

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық дайындық.

II. Жаңа сабақ:

Ойқозғау.

- Балалар, бүгін сендердің көңіл күйлерің қалай?

- Көңіл күйіміз жақсы болу үшін бізге не керек деп ойлайсыңдар? Олай болса, мына сұрақтарға жауап беріңдерші:

- Әдемі үйлерді кім салады?

- Тәтті тамақтарды кім пісіреді?


- Бізді кім емдейді?

- Балаларды кім оқытады?

- Кітапты кім береді?

- Көлікті кім жүргізеді?

(Тірек-сызбаны интерактивті тақтада көрсету).



Осы сөздерді бір жалпы атаумен қалай атайды?

- Бұл сөздердің жалпы атауы – МАМАНДЫҚ деп аталады.

Сабактың тақырыбы, мақсаты, эпиграфы айтылады.
(слайд)

III. Дағдыландыру кезеңі.

1. Сөздікпен жұмыс (слайд):

Мамандық – профессия;

Наубайшы – пекарь;

Егінші – полевод;

Емдейді – лечит;

Қияды – подстригает;

Болғым келеді – хочу стать, хочу быть;

Ерекшелігі – особенности;

Таңдап алады – выбирает.

(Сөздерді өзім оқимын, балалар хормен оқиды, сөздерге фонетикалық талдау жасалады, сөздермен сөз тіркестері, сөйлемдер құрастырылады).

2. Мәтінмен жұмыс (Тыңдалым):

а) мәтінді мұғалім оқиды;

ә) балалар кезекпен оқиды;

б) мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді:

- Адамдарға мамандық керек пе?

- Қандай мамандықтар бар?

- Саған қандай мамандық ұнайды?

- Біздің денсаулығымыз, көңіл күйіміз жақсы болу үшін не істеуіміз керек?

- Таза ауада көп жүру керек. Денені шынықтыру керек. Өте дұрыс айтасындар. Олай болса, денемізді шынықтырып, аздап демалайық.

IV. Сергіту сәті.

3. Грамматика.

- Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?
 - Олар қандай жалғаулар?
 - Жіктік жалғауының неше түрі бар?
 - Жіктік жалғау неше жақта жіктеледі?
- (Жалғауларын есімізге түсіреміз).

V. Бекіту:

1. Жазылым. Дәптермен жұмыс.

Екінші және аспаз сөздері жіктеледі. (Жекеше, көпше түрде).

2. Айтылым.

- Балалар, мамандықтар туралы айтқанда біз көз алдымызға не елестетеміз (әр түрлі қимылдар, заттар). Олай болса, мамандықтың өздеріне қатысты сөздерін жинайықшы.

3. «Сиқырлы сөздер» ойыны (флипчарт)

<i>Дәрігер</i>	<i>Шаптараз</i>	<i>Наубайшы</i>
емдейді	қияды	пісіреді
дәрі	тарайды	нан
аурухана	айна	үн

(Соңынан әр мамандыққа қатысты сөздерді оқып, бір сөйлемнен құрайды).

4. «Сәйкестігін тап» ойыны (флипчарт)

Әр мамандыққа не керек екендігін айту керек, мысалы:

- Жүргізушіге не керек?
- Жүргізушіге машина керек.

5. Тілдесім «Мен – саған, сен – маған» (слайд)

(Берілген суреттердің көмегімен сұхбат құрастыру).

VI. Рефлексия (флипчарт)

Білемін	Білдім	Білгім келеді
Мамандық аттарын	Мамандықтар адамдарға керек	Өзіндік ерекшеліктерін

VII. Үйге тапсырма: 1. Мәтінді мәнерлеп оқу; 2. Бір мамандық бойынша жарнама жасау.

VIII. Бағалау.

IX. Қорытынды.



Сәуле ТҰРАРҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№57 жалпы білім беретін
мектептің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗДЕР МЕН АДАМНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: 1) шылаудың жазылу ережелерімен таныстыру, сөйлем мен сөз тіркестерін құрату, адамның дене мүшелері туралы айту; 2) оқушылардың білімдерін толықтыру ойын жинақтай білуге баулу, дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, оларды бір тақырып деңгейінде еркін сөйлеуге дағдыландыру, сауатты жазуға төселдіру; 3) ұлтжандылыққа, тазалыққа, табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Технологиялар: АКТ, топтық жұмыс, жұптық жұмыстар.

Оқыту нәтижесі:

- қалай, қашан және қандай сұрақтар қою қажет екендігін түсінеді;

- оқушылардың танымдық қабілеті артады;
- оқушылар өз ойларын толық жеткізуге тырысады;
- бір-бірін дұрыс түсінуге, сыйлауға ынталанады.

Түйінді идеялар:

- барлық оқушылар үшін тиісті орта қалыптастыру;
- еркін атмосфераны қамтамасыз ету;
- балалардың жауабын бақылау, жазып алу мен талқылау, сауатты оқытуға ықпал ету;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, өз пікірін айтқызу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, аудиокітаптар, стикер, түрлі-түсті қаламдар, флипчарттар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу, балалардың назарын сабаққа аудару.

«Көңіл күй қоржыны» смайлдары арқылы оқушылардың көңіл күйін, сыныптың эмоциялық ахуалын қалыптастыру.

- Балалар, бүгінгі сабағымызды бір-бірімізге жақсы тілек айтудан бастайық. «Шаттық шеңберін» кұрайық.

Үй тапсырмасын тексеру (1, 3, 5, 7-модульдер):

А. Барлық оқушылардың үй тапсырмасын дұрыс, толық және түсініп орындауын анықтау, тексеру;

Ә. Оқушының білімі мен іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау;

- Балалар, біз қандай грамматикалық тақырып өттік? (3, 5, 6, 7-модульдер).

- Шылау.

- Ал, қандай лексикалық тақырып өттік?

- Уақыт өлшемдері.

- Олай болса, кәне, балалар, осы өтілген тақырып бойынша бір жұмбақ шешіп алайық.

Таңертең төрт аяқты,

Түсте екі аяқты,

Кешке үш аяқты.

Оқушылар жауабын дұрыс шешті. (Адамның сәби, жігіт, қарт кезі).

Енді таңертең, кешке, түсте бұлар нелер?

- Бұлар – уақыттар, мезгілдер.

- Ал, аяқ – адамның дене мүшесі.

Балалар, аяқтан басқа адамның қандай дене мүшелерін білесіңдер? (Бас, көз, қол, құлақ). Осыларды бір сөзбен не деп айтамыз? Сонымен сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?

Топқа бөлу.

1-топ. Білімділер.

2-топ. Ақылдылар.

3-топ. Тапқырлар.

Топтық жұмыс.

Адамның дене мүшелерінің қандай қызмет атқаратынын оқушылар айтып береді.

Оқушылардың сөздерін мен толықтырып жіберемін. (1, 2, 3 модульдер.)

- Екі көзің не үшін керек?

- Жақсыларды көру үшін.

- Екі қолың не үшін керек?

- Елге көмек беру үшін.

- Құлақ не үшін керек?

- Ақыл-кеңес тыңдау үшін.
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айту үшін.
- Ал, аяғың не үшін керек?
- Шет жүрсем, туған жерге қайту үшін.

Осы өлеңде шылау бар ма? (Үшін)

Қандай шылау? (Септеулік шылау.)

Жаңа сабақ. (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 модульдер)

Топтық жұмыс. Мәтінді азатжол (абзац) бойынша оқып, сұрақ дайындайды.

Жаңа сөздерді меңгерту, қайталату, есіне сақтап, сөйлем құрастыру.

1-топ мәтінді аударады.

2-топ сұрақтар дайындайды.

3-топ мазмұнын айтады.

Ойқозғау.

«Қызықты грамматика»

1 топ	2 топ	3 топ
оценка –	брат –	не иди –
берег –	молоток –	яблоко –
мальчик –	город –	сто –
степь –	новый –	осень –
туча –	продай –	мир –
нация –	лошадь –	привет –

Берілген сөздердің аудармасын жазып, сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.

3 топ орындап болған соң тексереміз.

Тапсырмаларды орындап болғаннан кейін сергіту сәті жүргізіледі:

Адамның суретін салу.

Жабдықтар: флипчарт, түрлі-түсті қаламдар, стикер.

Үйге тапсырма:

1-топ – 3-деңгей:

Адамның дене мүшелері туралы реферат дайындайды.

2-топ – 2-деңгей:

Жай сөйлемнен сұраулы сөйлем жасау.

3-топ – 1-деңгей:

Сұрақтарға жазбаша жауап беріледі.

Рефлексия.

Бағалау парағы.



Зарина МӘМБЕТОВА,
Орал қаласындағы
№32 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ ҚОНАҒЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ДАСТАРҚАНЫ

Сабактың мақсаты: оқушыларға «Қазақтың дастарқаны туралы» мәлімет беру. **Міндеттері:** білімділік –

тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау, грамматикалық ұғымдарды сауатты әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – сауатты, көркем жазуға үйрете отырып ұқыпты болуға тәрбиелеу, дүниетанымын кеңейту; **дамытушылық** – тез ойлап, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** интерактивті оқыту әдісі, өзіндік ізденіс, сұрақ-жауап, бейнелеу, баяндау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі. **Пәнішілік байланыс:** лексика. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, топшама, кесте.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Сыныпты түгелдеу, оқу құралдарының толықтығы, оқушылардың сабақты бастауға көңіл-күйі, оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Сұрақ-жауап (оқушылар интерактивті тақтада көрсетілген үстел үстіндегі нөмірленген шынылардың бірін тандап, сұрақтарға жауап береді):

1. Қазақтың ұлттық тағамы не?
2. Жылқының етінен не дайындалады?
3. Жылқы етінің қандай ерекшелігі бар?
4. Ұлттық тағамдар нешеге бөлінеді?
5. Сусындарға нелер жатады?
6. Тағамдарға нелер жатады?

III. Жаңа сабақ. «Бастауыш пен баяндауыш қонағы – қазақтың дастарқаны».

Жаңа сабақ үй тапсырмасымен байланыстыра отырып түсіндіріледі. Үй тапсырмасының сұрақтарына жауап

берген кезде ұлттық тағамдар қойылған дастарқан шығады.

- Балалар, тақтада не көріп тұрмыз?
- Бұл қандай дастарқан?
- Қазақтың дастарқанына нелер қойылады екен?

Грамматикалық тақырып – Бастауыш пен баяндауыш. Жоғарыда көрсетілген сұрақтарға қарай отырып, грамматикалық тақырыппен ережесі шығарылады.

Кім? не? кімдер? нелер?	Не істеді? не қылды? қайтті?
Қазақтың ұлттық тағамдары алуан түрлі. Кім? Не? деген сұраққа жауап беретін сөйлем мүшесі, бір сызықпен сызылады.	Сыйласқанның суын іш. Не істеді? не қылды? Қайтті? деген сұраққа жауап беріп, бастауыштың іс әрекетін білдіреді. Екі сызықпен сызылады.

Жаңа сөздер.

Сөздікпен жұмыс БиС технологиясы бойынша жүргізіледі:

Дәм – еда, пицца;

Аттамайды – не перешагивают;

Ауыз тимей – не попробовав;

Дәннен жасалған – растительная;

Қуырған бидай – жаренная пшеница;

Көп күттіруге – заставить долго ждать;

Ірімшік – творог.

Мәтінмен жұмыс (Мәтін оқылып тұрлаулы мүшелер табылады).

Қазақта дастарқаннан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Дастарқаннан аттамайды. Дастарқандағы дәм, тағамнан ауыз тимей кетуге болмайды. Қазақтың ұлттық

дастарқанында тамақтардың негізгі үш түрі болады. Олар: ет, сүт, нан тағамдары. Ет тағамдарына қазақша ет, қуырдақ, қарта, қазы, жал, жая жатады. Сүт тағамдары – ірімшік, құрт, май. Дәннен жасалған тағамдар – тары, қуырған бидай, жент, талқан. Нан тағамдары – бауырсақ, шелпек.

Тамақ ішуге шақырғанда тамақты көп күттіруге болмайды.

Сұрақтар:

1. Қазақта неден үлкен нәрсе жоқ?
2. Неден аттамайды?
3. Дастарқаннан не істемей кетуге болмайды?
4. Қазақтың ұлттық дастарқанында негізгі тағамның неше түрі бар?

5. Олар қандай тағамдар?
6. Ет тағамдарына нелер жатады?
7. Сүт тағамдарына нелер жатады?

Грамматикалық тапсырма (топшама түрінде беріледі):

1. Қымыз қандағы гемоглобинді көбейтеді.
2. Еттен түрлі тағамдар жасайды.

Адасқан сөздердің өз орынын тап:

1. Қойылады, ең, дастарқанға, алдымен, нан.
2. Түрлі, тағамдар, жасайды, еттен.
3. Еті, өте, сіңімді, болады, жылқының.
4. Үлкен, нәрсе, дәннен, жоқ, дастарқаннан.
5. Суын, іш, сыйласқанның.

Сөйлесім (Екі оқушы бір-бірімен өзара сөйлеседі):

- Сен тамақты күніне неше рет ішесің?
- Мен тамақты күніне төрт рет ішемін.
- Бүгін таңертең сен не іштің, не жедің?
- Мен айран ішіп, май мен нан жедім.

- Сенің сүйікті тамағың не?
- Менің сүйікті тамағым – қуырдақ.
- Қазақтың дастарқанының басты тағамы не?
- Қазақтың дастарқанының басты тағамы – ет.

Бекіту (бүгінгі сабақтан қандай ой түйдіңдер. Тест жұмысы).

1. Қазақтың басты ұлттық тағамы не?

- а) айран; б) ет;
- ә) шұжық; в) қазы.

2. Қазақтың ұлттық сусынын көрсет:

- а) қымыз; б) сүт;
- ә) шырын; в) су.

3. Дастарқанға ең алдымен не қойылады?

- а) сүт; б) қант;
- ә) сусын; в) нан.

4. Сөйлем мүшелері нешеге бөлінеді?

- а) 3; б) 5;
- ә) 5; в) 2.

5. Тұрлаулы мүшелерді көрсет:

- а) толықтауыш, анықтауыш;
- ә) пысықтауыш, анықтауыш;
- б) бастауыш, баяндауыш;
- в) толықтауыш, бастауыш.

6. Кім? Не? деген сұраққа жауап беретін сөйлем мүшесі:

- а) анықтауыш; б) бастауыш;
- ә) толықтауыш; в) пысықтауыш.

Үйге тапсырма: 2-тапсырма, 150-бет.

Бағалау.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДЫБЫСТЫҚ МІНЕЗДЕМЕ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) «Менің күнделігім» модулі бойынша алған білімдерін тиянақтау. Сатылай кешенді талдай отырып дыбыстың ерекшелігін, олардың өзіндік табиғатын зерттеу; 2) оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, оқушыға фонетикалық материалды ғылыми түрде меңгерту; 3) сауатты түрде көшіріп жазуға, сөйлеу машығын қалыптастыруға үйрету.

Түрі: білімді бекіту сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, талдау, тест.

Көрнекілігі: слайд, сөзжұмбақ, мақалдар.

Қолданылатын технология: сатылай кешенді талдау. (I деңгей).

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Амандасу, түгелдеу.

ә) Оқушыларды сабаққа дайындау.

б) Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

II. Жаңа тақырып.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Тіл білімінің фонетика саласы бойынша СКТ технологиясының бірінші деңгейін, яғни, дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беруді көрсетеміз. Бұл тәсіл оқушыларды сауатты түрде көшіріп жазуға, мұғалімнің дауыстап талдауын құлағымен есту арқылы санасында тұрақтандыруға, сөйлеу машығын қалыптастыруға үйретеді. Оқушы фонетикалық материалды ғылыми тілде меңгереді. Өйткені бұл талдауда ережелердің барлығы сөйлеу тіліне келтірілген.

2. Нәтиже сабақ (Модуль бойынша алған білімдерін тексеру).

а) **1-слайд.** Сөзжұмбақ шешу.

ә) **2-слайд.** Суреттер арқылы топпен жұмыс.

1-топ. Суреттегі оқу құралдарымен сөйлем құру.

Дүйсенбінің сабақ кестесін жаз.

2-топ. *Менің, сенің* есімдіктерін қолданып, сурет бойынша сөйлем құру.

Бүгінгі күннің сабақ кестесін жаз.

3-топ. *Үшін* септеулігін қатыстырып, сурет бойынша сөйлем құру.

Жұма күнінің сабақ кестесін жаз.

б) «Кім жылдам?» ойыны.

Мақалдарды бірінші топ бастайды, екі топтың қайсысы бірінші аяқтайды.

Оқу – білім қазығы, адамдықтың азығы.

Білекті бірді, білімді мыңды жығар.

Ақыл азбайды, білім тозбайды.

Мектеп - кеме, білім - теңіз.

Жақсы кітап – жан азығы.

Талант қартаймайды, білім ортаймайды.

Оқу – өмірдің сәні, тіршіліктің шамы.

в) **3-слайд.** Модуль бойынша тест.

Сергіту сәті: «Мектебім» өлеңін айтып, жаттығулар жасау.

4-слайд. Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру кестесін қайталаймыз.

3. *Kiman* сөзіне математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

1-топ – дауысты дыбыстарды талдайды.

2-топ – дауыссыз дыбыстарды талдайды.

3-топ – сұрақтарға жауап береді:

- Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыс неше топқа бөлінеді?

- Жартылай ашық дауысты дыбыстарды ата.

- Еріндік дауысты дыбыстарды ата.

- Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай неше топқа бөлінеді?

- Шұғыл дауыссыз дыбыстарды ата.

- Неше мұрын жолды дауыссыз дыбыс бар?

4. Сабақты бекіту, бағалау.

Жұмбақтар.

Жазу жазып жалықпаған,

Жаза-жаза арықтаған. (...)

Тұрады ылғи сөреде

Іші толы – өнеге. (...)

Қабат-қабат ақ тақыр

Қатар-қатар жол жатыр. (...)

5. Үйге: *өшіргіш* сөзіне математикалық тәсілмен дыбыстық талдау жаса.

ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ЕЛ ҚОРҒАҒАН БАТЫРЛАР

Сабақтың мақсаты: 1) қазақ тарихында елеулі орын алған батырлардың ерліктері туралы бар мағлұматты пысықтау, жинақтау; 2) ойлау қабілеттерін сыни тұрғысынан оқу мен жазу арқылы дамыту, грамматикалық ерекшеліктерін қалыптастыру, сауатты жазуға дағдыландыру; 3) оқушылардың бойында отаншылдық, елжандылық қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: білім жинақтау, пысықтау сабағы. **Әдісі:** СТО стратегиясы, интерактивті әдіс, деңгейлік тапсырмалар әдісі.

Сабақтың құрылымы:

I. Ой қозғау.

II. Мағынаны тану.

III. Қолдану.

IV. Жинақтау.

V. Топтастыру стратегиясы.

VI. Қорытындылау тест жұмысы.

Сабақтың барысы:

I. *Сабақтың мақсатымен таныстыру.*

I. Ойқозғау. Сұраққа жауап беру:

1) Сөйлем дегеніміз не?

2) Сөйлемнің қандай түрлері бар?

3) Сөйлем құрылымына қарай қалай бөлінеді?

4) Құрмалас сөйлем дегеніміз не? Неше түрі бар?

5) Салалас құрмалас сөйлемнің неше түрі бар?

II. Мағынаны тану.

1) Батыр деген сөзді қалай түсінесіңдер? Мағынасы жақын сөзді сәйкестендіріңдер?

батыр	ірі, зор
атамекен	әйгілі атақты
қолбасшы	туған жер
белгілі	ержүрек, өжет
сақтап қалу	әскер басы
ойда есте болу	аман қалу
үлкен	әскери ұран
жауынгерлік ұран	көкейінде жату

III. Қолдану. Өткен сабағымызды байланыстыра отырып сұрақтарға жауап берейік: 1) Батырлық дегеніміз не? 2) Жоңғарларға қарсы күресте атағы шыққан қай батырларды білесіңдер? 3) Қазақ тарихында елеулі орын алған батырлар кімдер? 4) Батыр атағына ие болған шығыстың тұңғыш қыздары кімдер? 5) Екі мәрте батыр атағына ие болған кім? 6) Батырлық туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

IV. Жинақтау. Деңгейлік тапсырмалар орындау.

1-деңгей – қарапайым деңгей.

1) Берілген сөздерді септік жалғауларына қарай орналастырыңдар?

Атау септік	Аңызға
Ілік септік	Отан
Барыс септік	Батырды
Табыс септік	Күресте
Жатыс септік	Найзасына
Шығыс септік	Халықтың
Көмектес септік	Ерлікпен

2) *Мен қорғадым* сөз тіркесін жіктеңдер.

2-деңгей – орташа деңгей. 1) Көп нүктенің орынына тиісті қосымшаларды қойып жазыңдар.

Т.Бигелдинов жасынан ұшқыш болуды армандаған. Ерлігімен елге танылған. Б.Момышұлы соғыстан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған. Қазақстандық жауынгерлер соғысқа қатысып, теңдесі жоқ ерліктер жасады.

3-деңгей – жоғарғы деңгей. Берілген жай сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлемдер құрыңдар. Салаластың қай түрі екенін анықтаңдар.

1) Білім – адам үшін ең бағалы іс. Сол білімді тарататын құралдардың бірі – көркем әдебиет.

2) Ән басылды. Домбыра сазы тоқтаған жоқ.

3) Ол аудан орталығына жетуге асықты. Әскерден оның інісі келуі керек еді.

4) Медеу мұз айдынында мен коньки тебемін, сен шанамен сырғанайсың.

5) Көктемнің алғашқы гүлдері гүлдеді. Даланың беті көктей бастады.

IV. «Топтастыру» стратегиясы. Бүгінгі сабағымызды қорыта келіп тірек-сызбаны толтырайық.

“Отаншылдық – ұлы қасиет” батыл, қайсар, өжет дегенді қалай түсінесіңдер? ұлтжанды, намысқой, бауырмал, қадірлі, ардақты, ұстамды.

V. Қорытындылау.

1) Тест тапсырмаларын орындау; 2) Біздің тілегіміз – тыныштық, бейбітшілік. Еліміздің, жеріміздің тұтастығын аман сақтау, көп ұлтты мемлекетте тату тәтті өмір сүру, әр азаматтың борышы деп білеміз.

3) Үйге тапсырма: реферат жазып келу.

Алмагүл ЖОЛДАСОВА,
Майя ШӘКЕНОВА,
Павлодар қаласындағы
№ 24 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Қазақ тілі пәні қазіргі уақытта өзге ұлт өкілдеріне балабақшадан бастап оқытылып келеді. Мемлекеттік тілді оқыту, қазақ тілін құрметтеу сезімін қалыптастыру ұстаздардан үлкен еңбекті қажет етеді. Сабақтың қызықты өтуі үшін мұғалімдер әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданады. Соның ұтымды бір түрі – ойын арқылы тіл дамыту болып табылады. Ойын – оқушы білімін берік меңгерту құралы. Әр сабақта ойын түрлерін өз орынымен қолданып, мұғалімдер оқушылардың білімге, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Енді бірнеше ойын түрлерін айта кетейік:

1. «Үнсіз қимыл» ойыны. Бір оқушы әр түрлі қимылдар көрсетіп, қалған сөздерді басқа оқушылар атап отырады. Мысалы: отырды, секірді, жүрді, қолын көтерді, т.б.

Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын байытады.

2. «Сөз жарысы» ойынын кез келген тақырыпты өткен кезде, нәтиже сабақта ойнауға болады. Мысалы, «Азық түлік» тақырыбын өткен кезде үш оқушы тақтаға шығып сөздер жазады. Бір оқушы сүт тағамдарын жазады, екінші оқушы сусын түрлерін жазады, үшінші оқушы ет тағамдарын жазады, кім бірінші болып жазып бітірсе, сол оқушы жеңімпаз болады.

3. «Артық сөзді тап». Мұғалім оқушыларға бір қатар

сөздер береді. Ойынның басты шарты – әр қатарда бір артық сөзді табу. Мысалы: мысық, ит, қой, ешкі, түлкі.

Күз, қыс, көктем, желтоқсан, жаз

Тәуелсіз, ата, қарындас, сіңлі, нағашы.

4. «Сөзден – сөз тіркесіне, сөйлемге» оқыта-үйрету ойыны. Бұл ойын арқылы оқушылардың сөзден сөз тіркесін, сөйлем құрай алу дағдылары қалыптастырылады. Мысалы: мұғалім Қазақстан деген сөзді айтады, оқушылар алдымен осы сөзбен сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.

5. «Ойлан, тап» ойыны. Мұғалім «кім?» деген сұрақ қойғанда, оқушылар әже, ата, сіңлі деп жауап беруге тиіс. Мұғалім «қайда?» деп сұрақ қойғанда мектепте, үйде, мұражайда деп мысал келтіреді.

6. «Тақырыптық сөздер» оқыта-үйрету ойыны. Лексикалық тақырыптарды пысықтау кезінде жиі қолданылатын ойын түрі. Оқушылар шеңбер жасап, дөңгелене тұрады. Мұғалім басты тақырыпты айтады. Мысалы, мұғалім «Күз» десе, оқушылар осы тақырып бойынша сөздерді атап шығады.

7. Адасқан сөздер. Бірінші және екінші бағанда берілген буындардан тоғыз сөз құра.

ай	ші
ки	на
ой	ім
би	ың
түй	яз
пи	ме
үй	мақ
тай	шік
қай	лақ
қи	лық
сый	яр

Райхан БЕРДІБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№132 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕН НЕНІ ҮЙРЕНДІМ?

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқу құралдары тақырыбы бойынша, өтілген материалды қайталау; сұрақ қоюға, дұрыс жауап беруге үйрену; **дамытушылық** – логикалық ойлау, сөйлеу қабілетін арттыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – тілге құрмет, айналасындағы заттарды дұрыс атауға, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Түрі: қайталау. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, слайд, суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Амандасу,

ә) Ауыз екі сөйлесу.

Арайланып таң атты,

Алтын шапақ таратты.

Қайырлы таң, балалар!

Аман Отан-анамыз,

Аман Ата-анамыз,

Қайырлы күн, балалар!

- Балалар, көңіл күйлерің қалай?

Сұрақ-жауап:

1. Қазір қай жыл мезгілі?

2. Көктем айлары қай айлар?

3. Көктемде күн қандай болады?

- Жақсы, рахмет. Көктем туралы кім тақпақ біледі?

Көктем келді балалар!

Айналаға қарандар.

Қызыл, сары гүлдерді,

Бәрің бірге санандар.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Мен нені үйрендім?»

Өткен тақырыптар бойынша сабағымызды қайталаймыз. Қазір, балалар, менің қойған сұрағыма сендер дұрыс жауап беруге тырысыңдар. Ал, бастайық:

1. Оқу құралдарын қайталау.

Тақтада оқу құралдарының суреттері көрсетіліп тұрады. Суретке қарап, аттарын атау: күнделік, қалам, қарындаш, дәптер, өшіргіш, сызғыш, желім, қайшы.

- Жақсы, оқу құралдарын қайталап шықтық.

2. Сөзжұмбақ шешу. 113-бет.

Оқушы тақтамен жұмыс жасайды, сөзжұмбақты шешеді.

- Балалар, берілген сөздермен қандай сөзтіркес жасай аламыз? 114-бет.

Жаз – пиши;

Сыз – черти;

Өшір – сотри.

Оқушылар алдарында жатқан оқу құралдарымен сөз тіркестерін құрастырып айтады:

Немен?

1. Қаламмен жаз.

2. Сызғышпен сыз.

3. Өшіргішпен өшір.

4. Қайшымен қи.

Сызғыш туралы қандай жаңылтпаш білеміз, кім айтады?

«Сары сызғыш – қара сөмкеде, қара сызғыш – сары сөмкеде».

- Оқу құралдарының ішінде ең көп не?

- Дұрыс, балалар, ол – қарындаштар. Ал, енді, бір-бірімізге сұрақ қойып жауап алайық. Сенде қандай қарындаш бар? Сен онымен не істейсің?

- Лиза, сенде қандай қарындаш бар?

- Менде қызыл қарындаш бар, мен онымен қызыл гүл саламын.

Гүл туралы тақпақты кім айтады? 117-бет

- Вика, ал сенде қандай қарындаш бар?

- Менде қоңыр қарындаш бар, мен онымен кірпінің суретін саламын.

- Ал сенде қандай қарындаш бар, Руслан?

- Мен қара қарындашты жақсы көремін, онымен машинаның суретін саламын.

- Балалар, қарындаштар туралы қандай тақпақ білесіңдер?

4-тапсырма, 117-бет.

Бір үйде бар көп бала:

Біреуі – көк бала,

Біреуі – қызыл бала,

Біреуі – сары бала.

Сергіту сәті.

Сандарды қайталап, сергіту сәтін орындаймыз.

1-Амандасу.

2-Иық түйістіру.

3-Арқа жабыстыру.

4-Қолмен шапалақтау.

Сергіту барысында сандардың орынын ауыстыру.

- Балалар, қазір дәптерімізді ашып, тапсырмаларды орындайық:

1-тапсырма. Суреттердің орынына керекті сөздерді жазып, сөйлемді толықтырып, жазуды үйренеміз.

2-тапсырма. Сұрақпен жауапты сәйкестендіріңдер.

- Балалар, сөздерді дұрыс және көркем жазуды үйренейік.

Жазу дәптерлеріңдегі тапсырмаларды орындап болсаңдар, назарымызды алдарыңда тұрған суретке аударайық.

1-сұрақ: Бұл не?

2-сұрақ: Қазір жылдың қай мезгілі?

3-сұрақ: Бұл көктемнің қай айы?

- Жақсы, сұрақтарға толық жауап бердіңдер.

Балалар, осы сөзбен әр түрлі сөз тіркесін құрастырайық.

Қазақша-орысша аудару:

Әдемі сурет-Красивая картина;

Үлкен сурет-Большая картина;

Қызық сурет-Интересная картина;

Көктем туралы сурет-Картина о весне.

- Өте жақсы, өздерің қазақ тілінде білетін жаңа сөздерді жақсы қолдана алдыңдар.

- Ал, енді, кім сурет арқылы сұрақ-жауап құрастыра алады?

Тақтамен жұмыс:

Мынау не? Мынау – сурет.

Мынау қандай сурет? Мынау – әдемі сурет.

Сен не саласың? Мен әдемі сурет саламын.

- Ал, балалар, бүгін «Мен нені үйрендім?» атты сабағымызды қорытындылайық:

1. Оқу құралдарын қайталадық;

Партада не бар? (Әр қатардан бір-бір оқушының жауабын тыңдау);

2. Сөзжұмбақ шештік;

3. Оқу құралдарымен сөз тіркесін құрастырдық
(Мысалы: қаламмен жаз; қайшымен қи);

4. Сұрақ-жауап (Менде қандай қарындаштар бар?);

5. Жазу дәптерімізде тапсырма орындадық;

6. Суретке сұрақ қойдық;

7. Сурет арқылы сұрақ-жауап құрастырдық;

8. Тақтамен жұмыс жасадық;

9. Өлең, тақпақ айттық.

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Ал, енді, балалар, үйде салған суреттеріңді көрсетіп,
соны әңгімелейік.

Үйге: түстерді қайталап келу.



Орал ҚЫРҚАРБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
халықаралық «Мирас» мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БАҚТАҒЫ ҚАЗАҚША АТАУЛАР

Сабақтың мақсаты: білімділік – өсімдіктер
жайында тақырыпты тереңдете, жан-жақты әрі жеңіл
түрде игерте отырып пысықтау; дамытушылық –

балалардың көкөніс пен жеміс ағаштарының атауларын қазақша дұрыс атап, оларды естерінде сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – өсімдіктер туралы білім беру арқылы табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Әдісі: түсіндіру, оқу, суретпен жұмыс, ойын, жаттығу.
Көрнекілігі: бақ өсімдіктері жайында кеспе қағаздар, өсімдіктерге байланысты слайдтар, үлестірмелі парақшалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу.

ә) Балалардың сабаққа дайындығын тексеру, түгелдеу.

б) Сабақтың мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасы.

Үйге берілген «Бақшада» тақырыбындағы жаттығулары мен жаңа сөздерді сұрап шығу. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, бақша өсімдіктерінің, яғни: қызанақ, қияр, бұрыш, пияз, орамжапырақ, сәбіз, картоп, т.б. көкөністердің суреттерін көрсетіп, олардың қазақша атауларын сұрап шығу. Балалар әрбір өсімдік атауының қазақшасын атайды және оның қай жерде өсетіндігін атап шығады. Мысалы, *Мынау – қызанақ. Қызанақ бақшада өседі. Қызанақ қызыл түсті. Мынау – қияр. Қияр бақшада өседі. Қияр жасыл түсті.* Балалардан бақшада өсетін өсімдіктердің орысша және қазақша атауларын жатқа сұрап шығу.

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Балаларға *жақсы көремін* және *жақсы көрмеймін* деген сөзді таныстырып, осы сөзді пайдаланып, сөйлету. Тақтаға жазып көрсету. Мен бұрышты жақсы көрмеймін. Мен сәбізді жақсы көремін. Балаларды өздерінің қандай көкөністерді жақсы көретіндігі мен жақсы көрмейтіндіктері жайында сөйлете отырып, тілдік қорларын

кеңейту. Екі сөздің айырмашылығына тоқталу. Болымсыз етістік жұрнағының атқаратын рөлімен таныстыру.

IV. Жаңа сабақ.

Балаларға жемістердің суреттерін көрсетіп, «олардың атауларын кім қазақша біледі?» деген тәрізді сұрақтар қойылады. Балалар өздеріне бұрыннан таныс сөздерін атап шығады. Жеміс суреттері: алма, алмұрт, шие, өрік, алхоры, жүзім, қарақат, таңқурай.

Енді осы жемістердің суреттері бар парақша таратылып, әрбір жеміс атауын суреттің астына жазады. Олардың түстерін атап, балалар бояп шығады. Балалар: *Мынау — алма. Алма қызыл және жасыл түсті. Ол бақта өседі. Мен алманы жақсы көремін.* Осы сөйлемдерге ұқсас сөйлемдер құрастырып, дәптерлеріне жазып шығады.

Балаларға бірдей ағаш суретін тарату. Тақтаға плакат іліп, осы плакатқа балалар өздері ұнататын жеміс атауларының жапырақтары мен жемістерін салып, оның кесінділерін жабыстырады. Өздері суреттеген жеміс атаулары жайында әңгімелейді.

V. Жаңа сабақты пысықтау.

Балаларды екі топқа бөлу. Екі топқа екі плакат беру. 1-топқа мынадай тапсырма: Бақшада не бар? 2-топқа да осындай тапсырма беріледі. Олар осы сауалға, «Бақта не бар?» деген тәрізді сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындайды. Тапсырманы орындаған оқушылар тақтаның алдына шығып, өз жұмыстарымен таныстырады.

VI. Сергіту сәті.

Балаларға «Сиқырлы қорапша» ойынын ойнату. Ол үшін қорапқа бақша мен бақ өсімдіктерінің орысша атаулары бар жаңа сөздерді жасырады. Балалар қораптан кез келген сөз жазылған парақшаны алып, жылдам аударып шығуы керек. Сондай-ақ сөз тіркестерін де құрастырады.

VII. Жаңа сабақты қорытындылау.

Балаларға сөзжұмбақ беру.

Мына сызбадан жеміс және көкөніс атауларын тап.

Қ	Ы	З	А	Н	А	Қ	Н	Қ	Г
А	Р	О	Ф	С	У	И	Р	А	Р
Щ	Й	Р	А	И	Ф	Я	И	Р	Р
Р	Ы	З	ш	П	Ш	Р	Ы	А	Д
Ж	Г	А	Л	И	М	И	И	Қ	Т
Я	В	З	Ы	Я	Ы	В	А	А	П
С	Ә	Б	І	З	Я	А	Ч	Т	М
В	Л	Ұ	Д	Э	У	Л	К	Щ	Х
Ч	Ы	Р	Р	А	Л	М	Ұ	Р	Т
С	В	Ы	Ж	Ю	П	А	О	Ц	Д
Р	И	ш	И	Е	П	Т	Ь	Ы	Р

Бүгінгі сабақтағы жаңа сөздерге тоқталып өту. Балалар жаңа сөздерді атап шығады және сөздік дәптерлеріне жазып алады. Қазақтың төл дыбыстарын балалардың анық атауларын қадағалап қайталау.

Рефлексия: - Балалар, қандай жаңа сөйлемдер құрастыра аласыңдар? Қандай жемістерді жақсы көретіндіктеріңді әңгімелендер.

Бақыт СЕГІЗБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№130 КММ
гимназиясының мұғалімі.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ ДАУЫСТЫЛАР

(4-сынып)

1. Сенің мемлекеттік тілің қай тіл?

а) өзбек тілі; ә) қазақ тілі; б) татар тілі.

2. Әр адамның өз ... болуы керек.

а) ана тілі; ә) суреті; б) беті.

3. Сашаның ана тілі қай тіл?

а) неміс; ә) орыс; б) түрік.

4. Мына сөйлемді аяқта:

Мен ана тілімді ...

а) жақсы көремін; ә) жақсы көрмеймін; б) сезінемін.

5. Мына сөздерді аудар:

Ана тілі – ұлт –

Дана тілі – білемін –

Құрметтеймін – өзге –

Ата-баба – жақсы көремін –

6. Мына сөйлемді аудар. Авторын ата.

«Басқа тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!».

7. Біздің мемлекетіміз қандай мемлекет?

а) тәуелді; ә) тәуелсіз; б) ұлтсыз.

8. Қазақстан қандай мемлекет?

а) құқықты; ә) құқықсыз; б) жалғыз.

9. Мына сөздердегі жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бір бағанға, жіңішке сөздерді екінші бағанға жаз.

Ана, білім, тілі, балалар, мектеп, ұстаз, сынып, парта, терезе, қалам, дәптер, есік, көше, бағдаршам, көлік, бар.

10. Мына сөйлемді қазақ тіліне аудар.

Мой родной язык, многонациональное независимое государство, я люблю Родину, моя большая семья, у меня есть друг.

11. Қазақ тілі сабағында не істейсің?

а) қазақша сөйлейміз; ә) жүгіреміз; б) сырғанаймыз.

12. Қазақ тілінде қандай буын түрлері бар?

а) екеу, біреу, бес; ә) ашық, тұйық, бітеу;
б) қисық, түзу, дөңгелек.

13. Мына сөздерді буынға бөліп жаз, буын түрлерін анықта.

Сабақ, терезе, еңбек, мұғалім, тақта, оқушы, өшіргіш, сөйлем, сызғыш, қоңырау.

14. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз.

Қазақ тілі, Отан, білемін, ана тілі, көп диаспоралы, мұғалім, сабақ, жақсы.

15. Мына сөйлемдерді дұрыс құрап жаз:

- Мектебім қабатты менің үш.
- Көремін жақсы тілімді ана мен.
- Сөйлейді балалар қазақша сабақта.

16. Сен ана тіліңді кімнен үйрендің?

а) анамнан; ә) сәбиден; б) көшеден.

17. Сөйлемді жалғастыр.

Мен Отанымды ...

Қазақ тілі сабағында ...

Мен ана тілімде ...

18. Орыстың ана тілі қандай тіл?

а) өзбек тілі; ә) орыс тілі; б) қытай тілі.

19. Сабақта сендер не істейсіңдер?

а) кітап оқимыз; ә) тамақ ішеміз; б) ұйықтаймыз.

20. Дұрыс жазылған сөйлемді анықта.

а) Бүгін сабағы болады қазақ тілі;

ә) Бүгін қазақ тілі сабағы болады;

б) Қазақ тілі болады бүгін сабағы.

21. Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып жаз.

Оқушылар ... келді. (кітап)

Мұғалім ... баға қойды. (тақтаға)

Сәуле ... оқыды. (мектепке)

Ол ... жазды. (күнделікке)

22. Мәтінді аудар. Кім? Не? сұрақтарына жауап

беретін сөздерді бөліп жаз.

Оқушылар сабаққа келді. Олар сабақ оқып отыр.

Мұғалім оларға сұрақ қойды. Сәуле күнделігін берді.

Мұғалім күнделікке баға қойды.

Ол қазақша сөйледі. Оның ана тілі – қазақ тілі. Мен

көп тіл білемін.

23. Мына мақалды аудар, түсіндір.

- Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.

- Өнер алды – қызыл тіл.

24. Сұрақтарға жауап жаз.

Сен кімді жақсы көресің? Нені үйренесің? Кімнен

үйренесің?

25. Біздің елде қандай ұлт өкілдері тұрады?

Деңгейлік тапсырма.

I деңгей.

1. Сөйлемдерді аяқта, аудар.

Қазақ тілі ...

Өз тіліңді ...

Біздің мемлекет ...

Қазақстан ...

2. Мына сөздерді аудар.

Арым менің – мақтанам –

Мұра – ұлттық –

Жаным менің – таныстық –

3. Мақалды аяқта, аудар.

Өнер алды – қызыл ...

II деңгей.

1. Мәтінді оқы, аудар. Жіңішке сөздерді тауып, бір бағанға, жуан дауысты сөздерді екінші бағанға жаз.

Біздің мемлекетімізде көп ұлт өкілдері тұрады. Олар өз ана тілін біледі, сөйлейді. Бірақ мемлекеттік тілді білуге міндетті. Біз мектепте татумыз. Үзілісте балалар асық ойнайды.

Біздің мұғалім – мейірімді жан. Біз оны тыңдаймыз, жақсы көреміз.

2. Сөздерге көптік жалғауын жалға.

Мектеп, оқушы, кітап, дәптер, терезе, парта, қалам, қарындаш.

3. Қазақ тіліне тән дыбыстарға сөз ойлап жаз.

III деңгей.

1. Сұраудың орынына тиісті сөзді жаз.

(кім?) ауылға бардым.

(кімдер?) ауылда тұрады.

(не?) маған ұнайды.

(кімдер?) сабақта қазақша сөйлейді.

(не?) қызықты өтеді.

(уақыт, балалар, мен, атам, әжем, ауыл)

2. Ашық, тұйық, бітеу буын түрлерін анықта.

Мектеп, қалпақ, ара, от, бала, он, еңбек, сызғыш, өшіргіш, сөз.

3. «Қазақ тілі сабағында» тақырыбына сөйлесу құрап жаз.



Руза АҚСЫРҒАҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласындағы
№112 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

ЕТІСТІК

1. Етістікті көрсетіңіз.

- А) сағат; Ә) өмір;
Б) сабақ; В) күлу; Г) және.

2. Туынды етістікті көрсетіңіз.

- А) асхана; Ә) өнерпаз;
Б) аспаз; В) кітапхана; Г) ойлау.

3. Көп нүктенің орынына тиісті туынды етістікті

қойыңыз: Ата-ананды

- А) сыйла; Ә) баста;
Б) оқыт; В) жаз; Г) отыр.

4. Қай сөйлемде туынды етістік кездеседі?

А) Әсет ауылда туды.

Ә) М. Жұмабаев – ұлы ақын.

Б) Асылбек жақсы маман болуды армандайды.

В) Арман сабақты жақсы оқиды.

Г) Менің ағам – әнші.

5. Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойыңыз:

Біздің міндетіміз – табиғатты

А) басу; Ә) табу;

Б) қуану; В) қорғау; Г) алдау.

6. Туынды етістікті анықтаңыз.

А) Аш, төкпе; Ә) Мұңай, жина;

Б) Білдір, тапсыр; В) Тергіз, айттыр;

Г) Кешікпе, ақта.

7. Негізгі етістікті табыңыз.

А) Бірік; Ә) Қысқар;

Б) Жүгір; В) Басқару; Г) Кеңіт.

8. Туынды етістікті анықтаңыз.

А) Сұран; Ә) Көрін;

Б) Ойна; В) Білдір; Г) Тосу.

9. Болымды етістікті табыңыз.

А) Байдалы маған көже бергізбеді.

Ә) Байдалы шал хат танымайтын.

Б) Әжібек жүгіріп барып, қарсы алдына тұра қалды.

В) Менен жақсылық күтпеңдер!

Г) Сіздей жомарт жанды кездестірген емеспін.

10. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

А) Аққу көлге, ер елге паналайды.

Ә) Екі қылыш бір қынапқа сыймайды.

Б) Ер шешуде, нар кешуде сыналар.

В) Алтын тыққан адам арықтап өлер.

Г) Қазан сапырғанның да буы бар.

11. Көмекші етістікті қатарды көрсетіңіз.

А) Төкен бай үш күн өткен соң келді.

Ә) Жүк артқан түйелер орындарынан тұрды.

Б) Сүрініп кетіп, құлап қала жаздады.

В) Ертеңіне ауыл таң бозарар-бозармастан ұйқыдан

оянды.

Г) Ол Дәржан ағасының қасында үш жыл жүрді.

12. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

А) Бану бұл жолы сөз қосқан жоқ.

Ә) Жүзуден алдына жан салмайды.

Б) Желкілдеген ту алып.

В) Су – тіршілік көзі.

Г) Руыңды білесің бе?

13. Көмекші етістікті қатарды көрсетіңіз.

А) Біл, қыл, де; Ә) Де, ет, жазда, е;

Б) Бұқ, ат, сөйле; В) Жазда, ерт, кес, сыз;

Г) Е, ет, тын, жу.

14. Нақ осы шақты көрсетіңіз.

А) Бұл су ағып жатқан арыққа беттеп жайылды.

Ә) Үйір бұған қайырылмайды.

Б) Бұлар кілт бұрылып, ауылға тартты.

В) Жер астынан ескен суық желдің лебі күшейіп

барады.

Г) Әмірші сол орынында мелшиіп тұр.

15. Етістіктің бұйрық райын анықтаңыз.

А) Ана мәселені ерекше көрсетіңіздер.

Ә) Мұны Салиха апай күтіп тұр екен.

Б) Бұдан әрі сөз қозғағысы келмеді.

В) Қазақтар туралы ештеңе естімепті.

Г) Сөйткенше Оспан сырттан кіріп келді.

16. Етістіктің қалау райын анықтаңыз.

А) Екі жас бақытты болғай.

- Ә) Достары да білгендерінше айтып көрген.
Б) Не ексең, соны орасың.
В) Мезгіл жетсе, мұз ерір.
Г) Шеткі үйде өзінің ағасы Тәкежаннан үйреніп кепті.

17. Етістіктің бұйрық райын анықтаңыз.

- А) Әли елең ете қалды.
Ә) Гүлсім шыр етіп кеп бас салды.
Б) Үлкеннің алдын кеспе.
В) Сендерді оятып жібердім бе?
Г) Мерей Маржанға ризалығын білдірді.

18. Етістіктің шартты райын анықтаңыз.

- А) Екі қошқар сүзиссе, ортасында шыбын өледі.
Ә) Досыңа достық – қарыз іс.
Б) Ерінбеген етікші болады.
В) Ұста пышаққа жарымайды.
Г) Жыртық тесікке күледі.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

1. Күрделі бастауышты табыңыз.

- А) Ерінбеген етікші болады; Ә) Күле беру ыңғайсыз;
Б) Мейрам шахтаға кетті; В) Бұл – Еркіннің сөзі;
Г) Ол оған күле қарады.

2. Анықтауыш қызметіндегі етістікті табыңыз.

- А) Ел ұнатқан ұлын жасқамайды.
Ә) Қамданған қапы қалмайды.
Б) Ұялған тек тұрмас.
В) Талапты ерге нұр жауар.
Г) Қорыққанға қос көрінер.

3. Бастауыштың жасалу жолын көрсетіңіз.

Жасау – ұзатылған қызға берілетін дүние.

- А) Негізгі зат есім; Ә) Сын есім;
Б) Тұйық етістік; В) Еліктеу сөз; Г) Етістік.

В) Бастауыш; Г) Толықтауыш.

10. Есімдіктің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Атымның сыры өзіме мәлім.

А) Пысықтауыш; Ә) Баяндауыш;

Б) Анықтауыш; В) Бастауыш;

Г) Толықтауыш.

11. Бастауыш қызметіндегі жалпылау есімдігін анықтаңыз.

А) Оның қасында бұл дегеніңнің құны керемет емес пе?

Ә) Әйткенмен ешқандай қиындық көрмедім.

Б) Бәрі хабардар болып үлгерген сияқты.

В) Олақтан салақ жаман.

Г) Өзім дегенге өгіз қара күшім бар.

12. Толықтауыш қызметіндегі болымсыздық есімдігін табыңыз.

А) Кімді айтса, сол келер.

Ә) Ешбір сыйлықтың керегі жоқ.

Б) Әй, мен сені ақыл айтсын деп ертіп келгенім жоқ.

В) Мұның иесі кім болды екен?

Г) Әлі күнге дейін ешкімге тіс жармады.

13. Анықтауыш қызметіндегі етістікті табыңыз.

А) Ел ұнатқан ұлын жасқамайды.

Ә) Қамданған қапы қалмайды.

Б) Ұялған тек тұрмас.

В) Талапты ерге нұр жауар.

Г) Қорыққанға қос көрінер.

14. Пысықтауыш қызметіндегі мекен үстеуін көрсетіңіз.

А) Тыста отырған үлкендерге сәлем берді.

Ә) Содан бері көп жылдар өтті.

Б) Арнайы соғып, апасын ала кетті.

В) Ал бұл ағаштың паспорты өзгеше.

Г) Көңілім шарықтап, өзгеше күй кешкендеймін.

15. Баяндауыш қызметіндегі сын-қимыл үстеуін табыңыз.

А) Айнала жым-жырт, қаннен-қаперсіз.

Ә) Үш айдың ішінде әжептәуір өсіп қалыпты.

Б) Қойылған бағасы тым жоғары.

В) Күткен адамдарыңыз артта.

Г) Елдің алды бағана келген.

16. Бірыңғай анықтауышты сөйлемді табыңыз.

А) Әдепті, мәдениетті адамның талғамы да биік.

Ә) Бүгін де, ертең де уақытымыз болмайын деп тұр.

Б) Астана мен Алматы – еліміздің ең әдемі қалалары.

В) Ата-анасын, бауырларын сыйламағаннан без.

Г) Аңсаған арманымды көрдім, көңілім тынды.

ЗАТ ЕСІМ

1. Дерексіз зат есімді табыңыз.

А) Болат Бурабайды бұрын көрмеген.

Ә) Рәбиға зұлымдық пен зорлықтан қашып келеді.

Б) Сен бесікте жатқанда, бала болып жыламадың.

В) Топтанып келіп жылқыға да шапты.

Г) Екі беті алмадай қызарып кетіпті.

2. Жалқы есімдерді табыңыз.

А) Намыс, Ақтөбе, Құбылыс;

Ә) Шығарма, Кітап, Жомарт;

Б) Баба, Жетісу, Айнұр;

В) Тайбурыл, Хайуан, Қарағанды;

Г) Кәмшат, Едіге, “Қазақ әдебиеті”.

3. Етістіктен жасалған дерексіз зат есімді табыңыз.

А) Тіл байлығы – ой байлығы.

Ә) Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді.

Б) Сол кезде бақыт дегенді бағалай білсемші!...

В) Қызық еді Аянның мінезі.

Г) Қуанышыма ортақтаса келгендеріңе рахмет.

4. Жалқы есім де, жалпы есім де болатын дерексіз

зат есімді табыңыз.

А) Ар; Ә) Шаттық; Б) Көңіл; В) Қайғы; Г) Мұң.

5. Зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Маған жауабыңыз ұнады.

А) Анықтауыш; Ә) Баяндауыш;

Б) Толықтауыш; В) Бастауыш;

Г) Пысықтауыш.

6. Табыс септігіндегі зат есімнің толықтауыштық

қызметін табыңыз.

А) Бұған сенбегенің дұрыс болған екен.

Ә) Әлемнің жарығын сыйладың сен маған.

Б) Апаттың алдын алу шаралары ұйымдастырылды.

В) Бұл - сізден күтпеген жауабым.

Г) Ауылдан шыққанда күн әлі жарық болатын.

7. Мезгіл мәнді пысықтауыш қызметіндегі зат

есімді көрсетіңіз.

А) Парашютпен ұшақтан секіруге құмар болдым.

Ә) Одан әрірек жарқыраған теңіз жағалауы жатыр.

Б) Күтіп жүрген адамы түнде келіпті.

В) Бірде мынандай оқиға болған еді.

Г) Таңертең жинамай кеткен төсегі сол күйінде жатыр.

8. Туынды зат есімді табыңыз.

А) Тымақ – қысқы бас киім.

Ә) Ғасырлар сырын шерткен халық даналығы көңіліне

ой салды.

Б) Таңертең Батырбек көзін ашып, дереу сағатына

қарады.

В) Мұндай шарт-шұрт қимылдар ұзаққа созылмайды

да.

Г) Жетектерінде жеңіл-желпі жүгін артқан жалғыз тайынша.

9. Күрделі зат есімді табыңыз.

А) Тарихшы Әбілғазының шежіресінде жазылған пікірді негізге алды.

Ә) Күнұзын аттан түспей, өзге жүргіншілерді бақылады.

Б) Біз сапарға шығар алдында жазушы кітапханасын ақтарып, біраз кеңескен едік.

В) Біраздан кейін көзге түспей ғайып болды.

Г) Жанын жеген әлдебір ішкі күйзелісін жасырғандай.

10. Етістіктен жасалған туынды зат есімдер қатарын табыңыз.

А) Күншілдік, білім; Ә) Салауаттылық, зиялылық;

Б) Айтыс, келісім; В) Мұнайшы, жолаушы;

Г) Жақсылы, ізгілік.

11. Бірігу тәсілімен жасалған күрделі зат есімді табыңыз.

А) Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Ә) Ешкімге сездірмеймін деген едім.

Б) Таңертең басталған іс-шара ұзаққа созылды.

В) Бұл отырған жұрт тегіннен-тегін жиналған жоқ.

Г) Бірталай жер жүріп барып, артына жалт бұрылды.

12. Көптік жалғауы жалғанбайтын қатарды табыңыз.

А) Заман, кесте, көңіл; Ә) 2 кг алма, тары, мол;

Б) Байланыс, төбе, сандық; В) Жілік, соқпақ, бала;

Г) Қуаныш, кезең, мәтін.

13. Тәуелденген зат есімдерге қосымшасы өзгеріп жалғанатын септіктер қатарын көрсетіңіз.

А) Ілік, атау, барыс; Ә) Ілік, жатыс, шығыс;

Б) Барыс, табыс, жатыс; В) Табыс, жатыс, шығыс;

Г) Жатыс, шығыс, көмекес.

14. Баяндауышы зат есімнен жасалған сөйлемді табыңыз.

А) Өнерліге өріс кең.

Ә) Ұстаның бізі сүйкімді.

Б) Су ішкен құдығыңа түкірме.

В) Кемедегінің жаны бір.

Г) Өмірдің өзі – ұлы ұстаз.

15. Дерексіз зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Оның есінде сақтау қабілеті де айналасындағыларды таң-тамаша қалдыратын.

А) Баяндауыш; Ә) Анықтауыш; Б) Бастауыш;

В) Толықтауыш; Г) Пысықтауыш.

СӨЗ ҚҰРАМЫ

1. Түбір сөзді табыңыз.

А) Ақтау; Ә) Дидар;

Б) Орманшы; В) Қосымша; Г) Бөлгіш.

2. Түбірдің ережесін анықтаңыз.

А) Негізгі ойды білдіретін бөлшек.

Ә) Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегі.

Б) Жаңа мағына тудырушы бөлшек.

В) Қосымша жалғанған бөлшек.

Г) Қосымша қосуға болмайтын бөлшек.

3. Туынды түбірлерді көрсетіңіз.

А) Қасиеттер, парасат; Ә) Сөздік, малақай;

Б) Әділет, дәреже; В) Шұңқыр, домалақ;

Г) Бөлшек, жақсылық.

4. Туынды түбірлерді анықтаңыз.

А) Негізгі, мекені; Ә) Өнім, жолдастық;

Б) Тәрбие, сөздер; В) Береке, көрімдік;

Г) Елдік, баласы.

5. Туынды түбірлерді көрсетіңіз.

А) Ағажан, әкетай; Ә) Адалдық, рақымсыз;

Б) Әлдірек, кеңдеу; В) Жүрек, нашар;

Г) Кес, кесер.

6. Мезгіл мәнді пысықтауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз.

А) Парашютпен ұшақтан секіруге құмар болдым.

Ә) Одан әрірек жарқыраған теңіз жағалауы жатыр.

Б) Күтіп жүрген адамы түнде келіпті.

В) Бірде мынандай оқиға болған еді.

Г) Таңертең жинамай кеткен төсегі сол күйінде жатыр.

7. Зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Маған жауабыңыз ұнады.

А) Анықтауыш; Ә) Баяндауыш;

Б) Толықтауыш; В) Бастауыш; Г) Пысықтауыш.

8. Бірге жазылатын сөздерді көрсетіңіз.

А) Кең өріс, балық шаруашылығы.

Ә) Қағаз бастылық, қалжың бас.

Б) Дүние жүзі, бос сөз.

В) Ала аяқ, ал қызыл.

Г) Ат спорты, ат жарыс.

9. Сын есімнен жасалған қос сөзді анықтаңыз.

А) Соңғы кезде ағамыз елдің гу-гуіне құлақ түретінді шығарды.

Ә) Топ-томпақ болған бала бейнесі көз алдымнан кетер емес.

Б) Сөзінің соңы міңгір-міңгір бірдемеге ұласты.

В) Дәл қазір той-думанның көркіне айналғандай.

Г) Кемшілік атаулыны түп-тамырымен жоятын кез жетті.

10. Туынды зат есімді табыңыз.

А) Тымақ – қысқы бас киім.

Ә) Ғасырлар сырын шерткен халық даналығы көңіліне ой салды.

Б) Таңертең Батырбек көзін ашып, дереу сағатына қарады.

В) Мұндай шарт-шұрт қимылдар ұзаққа созылмайды да.

Г) Жетектерінде жеңіл-желпі жүгін артқан жалғыз тайынша.

11. Күрделі зат есімді табыңыз.

А) Тарихшы Әбілғазының шежіресінде жазылған пікірді негізге алды.

Ә) Күнұзын аттан түспей, өзге жүргіншілерді бақылады.

Б) Біз сапарға шығар алдында жазушы кітапханасын ақтарып, біраз кеңескен едік.

В) Біраздан кейін көзге түспей ғайып болды.

Г) Жанын жеген әлдебір ішкі күйзелісін жасырғандай.

12. Етістіктен жасалған туынды зат есімдер қатарын табыңыз.

А) Күншілдік, білім; Ә) Салауаттылық, зиялылық;

Б) Айтыс, келісім; В) Мұнайшы, жолаушы;

Г) Жақсылы, ізгілік.

13. Тәуелденген зат есімдерге қосымшасы өзгеріп жатпайтын септіктер қатарын көрсетіңіз.

А) Ілік, атау, барыс;

Ә) Ілік, жатыс, шығыс;

Б) Барыс, табыс, жатыс;

- В) Табыс, жатыс, шығыс;
Г) Жатыс, шығыс, көмекес.

14. Туынды сын есімді анықтаңыз.

- А) Тентегін тыйған ел болар.
Ә) Долы кісі пышақ өткізеді.
Б) Көптің ойы кемеңгер.
В) Айлалы батыр алдырмас.
Г) Жылы орыныңды суытпа.

15. Туынды етістікті анықтаңыз.

- А) Аш, төкпе; Ә) Мұңай, жина;
Б) Білдір, тапсыр; В) Тергіз, айттыр;
Г) Кешікпе, ақта.

СЫН ЕСІМ

1. Туынды сын есімнің жұрнақтарын табыңыз.

- А) - дыр, -дір; Ә) -ша, -ше;
Б) -шы, -ші; В) -шыл, -шіл; Г) -ыс, -іс.

2. Туынды сын есімді анықтаңыз.

- А) Тентегін тыйған ел болар.
Ә) Долы кісі пышақ өткізеді.
Б) Көптің ойы кемеңгер.
В) Айлалы батыр алдырмас.
Г) Жылы орыныңды суытпа.

3. Туынды сын есімді қатарды анықтаңыз.

- А) Жарамсақтың жолы жіңішке.
Ә) Кітап маған тақтан да қымбат.
Б) Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
В) Адал адам ешкімді күндемейді.
Г) Үміт жүректі қуанышқа толтырады.

4. Сапалық сын есімді көрсетіңіз.

- А) Әсем, күшті, епті;
- Ә) Шағын, кең, толық;
- Б) Ықшам, орынды, сусыз;
- В) Жайпақ, әуесқой, қызметсіз;
- Г) Айтқыш, білгіш, сұлу.

5. Қатыстық сын есімді табыңыз.

- А) Әрлі болғанша, арлы бол.
- Ә) Кішіпейілділік – кісі көркі.
- Б) Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын.
- В) Көш жүре түзелер.
- Г) Жақсыға жақын көп.

6. Қатыстық сын есімді қатарды көрсетіңіз.

- А) Борышқа әділ болу - ұлы іс.
- Ә) Жасы үлкенді қадірлесе - құт болар.
- Б) Асқан сұлулықтан аз ғана бақыт артық.
- В) Тоқ адамға семіз еттің де дәмі білінбес.
- Г) Өнегелі болса - бала көрікті.

7. Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- А) Ауыр; Ә) Толықша;
- Б) Сұп-суық; В) Тым тәтті; Г) Қайырымды.

8. Сын есімнің күшейтпелі шырайын көрсетіңіз.

- А) Өнер өлкесі көсілген кең өріске ұқсайды.
- Ә) Бір патшаның айдай сұлу қызы болады.
- Б) Келер күн ең ауыр күннің өзі болды.
- В) Еуропаның рухани қайта өрлеу кезеңі.
- Г) Заринаның да Мидиялық көркем жігітті ұнатып қалған сыңайы бар.

9. Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- А) Жағымды жаңалық; Ә) Тұрақты баға;

Б) Қоңырқай өңді қыз; В) Кішіпейіл адам;

Г) Өрнекті кілем.

10. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Тәрбиелі адам тағаланған атпен тең.

А) Бастауыш; Ә) Анықтауыш;

Б) Толықтауыш; В) Баяндауыш;

Г) Пысықтауыш.

11. Бастауыш қызметіндегі сын есімді табыңыз.

А) Көркем дала көлбеп жатыр.

Ә) Жақсының көзіндей көремін.

Б) Ақылды ауызын жауып, ділін ашар.

В) Қаһарлы сөз қамал бұзар.

Г) Сөз қанжардан да өткір.

12. Сын есімнен болған толықтауышты табыңыз.

А) Көрмегенге көсеу таң.

Ә) Санаулы сөз салмақты.

Б) Көрген асты көргенсіз қызғанады.

В) Жалқау кісі – жарым кісі.

Г) Жаманға жолдас жақпас.

13. Қатыстық сын есімнен болған баяндауышты анықтаңыз.

А) Адам ұлы адамша өмір сүрсін.

Ә) Көштің алдында көлденең түсіп Шыңғыс жатыр.

Б) Ауылымыздың жастары шетінен жігерлі.

В) Бас болмақ – оңай, бастамақ – қиын.

Г) Күштінің қолы – ұзын.

14. Бастауыш қызметіндегі сын есімді анықтаңыз.

А) Үйрет те, ізгілікке үйрен.

Ә) Өнер сыры – өрнекте.

Б) Ән миллиондардың жүрегін біріктіреді.

В) Поэзия ойланудан басталады.

Г) Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.

Айжан ҚҰЛЖАНОВА,

Айнаш САНИЯЗОВА,

Семей қаласындағы

№38 орта жалпы білім беретін
мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

«ТАПҚЫР ДОСТАР» ОЙЫНЫ

(8-9-сыныптар)

Мақсаты: оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, құрмет сезімін, мақтаныш сезімін ояту. Қазақстан Республикасы, қазақ халқының ақын-жазушылары туралы білімдерін тереңдету. Тәуелсіздіктің 21 жылдығын дәріптеу.

Міндеті: оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу дағдыларын арттыру, тіл байлықтарын молайту, топпен бірге жұмыс істеуге үйрету.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірме, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірме парақшалар, компьютер.

Сабақтың барысы:

1-жүргізуші: - Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін біз сіздермен тәуелсіздіктің 21 жылдық мерейтойына арналған салтанатқа жиналып отырмыз.

2-жүргізуші: - Құрметті отандастар! Егемен еліміздің 21 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! XXI ғасырда елімізде бейбітшілік, тыныштық мәңгі орнап, егемендігіміз ұзағынан болсын.

1-жүргізуші: - Көркейе бер, жаса, қазақ, даңқыңмен, Сарбаздардың уәде еткен антымен! Тәуелсіздік тұғырына – 21 жыл, Қазақстан жасай берсін, гүлденсін!

2-жүргізуші: - Тәуелсіздік – қазақ халқының болашаққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

1-жүргізуші: - Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн.

2-жүргізуші: - Тәуелсіздік келді, міне аңсаған, ұлан-байтақ қазақ елі төріне. Бүгінгі күн келбетіне тамсанған, Еркін болған 21 жыл жүзіне.

1-жүргізуші: - Қазағымның туы бүгін желбіреп тұр, Аспаным да ашық боп елжіреп тұр. Сан ғасырлар аңсаған – Тәуелсіздік. Желтоқсанда тереземді қағып тұр.

2-жүргізуші: - Ал, енді, сөз кезегі 5, 6-сынып оқушыларына беріледі. **Ахмиев Радиф:**

Елімнің атын айтсам – Қазақстан,

Жерімнің атын айтсам – Қазақстан.

Қойнауы қазынаға толған мекен,

Байлығым атын айтсам – Қазақстан.

Желтоухова Наташа: Егемендік – бұл елімнің елдігі,

Егемендік – барлық ұлттың теңдігі.

Егемендік – елін, жерін қорғаған,

Ербол менен Қайраттардың ерлігі.

Дүйсенбинова Камалия:

Тәуелсіздік – ұраным,

Тәуелсіздік тұрағым,

Тәңіріме тәу етіп,

Тыныштықты сұрадым.

Дұшпандарым дауласып,

Салмасын ескі ылаңын.

Смирнова Анжелика:

Сарыарқаның төсінде тұр

Ару қала – Астана.

Күлім қағып көгімде тұр,

Азат аспан, азат күн.

Есіл ағып іргесінде,
Күйге толсын көшеміз.
Астанамен бірге біз де,
Ержетеміз, өсеміз.

Мухаметшин Вадиль:

Астанамыз шырайлы,
Қарсы алады жыл, айды.
Елбасымыз – Нұр ата,
Бәрімізге ұнайды.
Ұлы ынтымақ – ұраным,
Таусылмайды жыр-әнім.
Қазақстан – Отаным,
Осында мен тұрамын.

Трегубова Алена:

Жайқалып желегі,
Кеңейіп көлемі.
Астанам күн санап
Көркейіп келеді.
Шабытым тұр тасып,
Жыр мен ән шырқасып.
Ақордам алыстан,
Тұр, әне, нұр шашып!

1-жүргізуші: - ...Ал екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде тілімнен түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім,-

деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай,
мемлекеттік тіл күні құрметіне арналған «Тапқыр достар»
ойынын тамашалауға шақырамыз.

2-жүргізуші: - Ал, ендеше, ойыншыларымызбен
таныс болайық. Ойынымызға 7-8-сынып оқушыларынан
құрылған «Бәйтерек», «Астана» топтары қатысқалы отыр.

Сөз кезегі топ мүшелеріне беріледі.

I. Біздің топ – «Бәйтерек». Біздің ұран – «Оқы да біл, ойына да күл».

II. Біздің топ – «Астана». Біздің ұран – «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен».

1-жүргізуші: - Дәл қазір топ мүшелерінің әрқайсысымен жақын танысайық.

Менің атым – Артем. Мен жетінші сыныпта оқимын.

Менің есімім – Аяулы. Мен бос уықытымда семсерлесумен айналысамын. Мен, Селезнев Игорь, Семей қаласында тұрамын. Өз өлкемді сүйемін. Менің атым – Аня. Менің Отаным – Қазақстан. Мен Отанымды мақтан етемін.

Менің атым – Коля. Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін. Өйткені, қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Менің атым – Нұрай. Менің өмірлік ұстанымым – «Сабыр түбі – сары алтын».

2-жүргізуші: - Ал, енді, сөз «Астана» тобына беріледі.

Менің атым – Радиф. Менің ұлтым – татар. Мен орыс мектебінде оқимын. Қазақ тілін де жақсы білемін. Ағылшын тілін түсінемін. Менің өмірлік ұстанымым: «Көп тіл білу».

Менің атым – Самат. Менің арманым – ғалым болу.

Менің аты-жөнім – Давыденко Диана. Менің мақсатым – сабақты жақсы оқып, белгілі бір мамандық иесі болу.

Менің атым – Татьяна. Мен ән айтқанды жақсы көремін. Менің аты-жөнім – Уақпаева Динара. Менің жұлдызнамам – балық. Мен «Өмір» атты теңізде еркін жүзгім келеді.

Менің атым – Рафаэль. Менің туған жерім – Қазақстан. Мен өз елімнің патриотымын.

1-жүргізуші: - Бүгінгі сайысымызға төрелік ететін әділқазылармен таныс болыңыздар.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Каримова Эльмира Рамазановна, Жұмаханова Назым Нұрғазықызы, Бахтина Айнұр Нұрбекқызы.

2-жүргізуші: - Ал енді «Тапқыр достар» зияткерлік ойынын бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші: - Ойынның шартымен таныс болыңдар. Ойын 6 айналымнан тұрады. Әр айналымда дұрыс жауап берген топқа 10 ұпай, жартылай жауап берсе 5 ұпай беріледі.

2-жүргізуші: - Сонымен ойынымызды бастайық, 1-айналым «Бәйге» деп аталады. Ойынның шарты: Қазақстан Республикасы туралы бірнеше тест сауалдары беріледі. Әр топқа – 3 сұрақтан.

«Бәйтерек» тобының сұрақтары: 1) Қазақстан Республикасының туының авторлары? 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының авторы? 3) Тудың өлшемі қанша?

«Астана» тобының сұрақтары: 1) Астана қаласы қай жылы еліміздің елордасы болды? 2) Тоқтар Әубәкіров ғарышқа қай жылы ұшты? 3) Қазақстан Республикасының аумағы қанша шаршы шақырым?

1-жүргізуші: - 2-айналым «Сиқырлы сандар» деп аталады. Сендердің назарларыңа осы 20 жылдағы атаулы даталар беріледі. Ойынның шарты – сол сандардың нені білдіріп тұрғанын айту.

I. 1991 ж. 16 желтоқсан. 1992 ж. 4 маусым.
2006 ж. қаңтар.

II. 1995 ж. 30 тамыз. 1989 ж. 22 қыркүйек.
3 000, 1700, 2 7000.

Ал, қазір барлығымыз бір сәт тынығып, 6 «А» сынып

оқушысының орындауында «Мектебім» әнін тыңдайық.

2-жүргізуші: -Үлкен рахмет. Барлығымыз қошеметтеп қояйық. Ойынымызды әрі қарай жалғастырамыз. 3-айналым – «Тапқыр болсаң, тауып көр». Ойын шарты: Таңдап алынған әріптер арқылы сұраққа дұрыс жауап беру. Ойынды «Бәйтерек» тобы бастайды. 1) Қазақстанның қаласы? 2) Қайда тұрасың? 3) Бос уақытыңда немен айналысасың? 4) Қазақ тілін кімнен үйрендің? 5) Сен қай мектепте оқисың? 6) Семей қандай қала?

«Астана» тобы жалғастырады. 1) Қазақстан қандай мемлекет? 2) Абай кім? 3) Қазақстанда қандай тұлғалар дүниеге келген? 4) Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады? 5) Қазақтың батырларын ата? 6) Астана қандай қала деп ойлайсың?

1-жүргізуші: - 4-айналым – «Сен білесің бе?» Бұл айналымда әр топқа ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінді беріледі. Сол шығарманың авторын табу. Ойынды әдеттегідей «Бәйтерек» тобы бастайды.

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз...
Бұл кімнің өлеңі?*

Асан деген – бай баласы. Үсен – жарлы баласы, екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде, қыр басында ойнап жүріп, екеуі көштен қалып қойыпты. Бір мезгілде үйге барайық деп келсе, ауыл жоқ, құр орыны жатыр....

Бұл қай ақын, ағартушы-педагогтің әңгімесінен алынған?

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған....

- Бұл кімнің шығармасынан?

Ал, енді, «Астана» тобының бағын сынап көрейік.

Адамдық борышың,-

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай

Ар сақта оны біл.

Талаптан да, білім мен өнер үйрен.

Білімсіз,

Өнерсіз

Болады ақыл тұл....

- Бұл қай ақынның өлеңі?

Ақыл айтар мезгілде

Мың жасаған шалдай бол.

Қатал болар мезгілде

Шатырлаған жайдай бол.

Мейірім түсер мезгілде

Ағарып атқан таңдай бол.

Жауды бөгер кезіңде

Көлденең жатқан ордай бол.

- Бұл қай батыр-жазушының өлеңі?

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.

- Бұл кімнің дастанынан алынған үзінді?

Осымен ойынымыздың 4-айналымы да аяқталды. Қазір әдемі бір биге кезек берейік. 11 «А» сынып оқушысы Закарьянова Айдананың орындауында «Қазақ биін»

тамашалайық.

2-жүргізуші: - 5-айналым «Сөз құрақ» деп аталады. «Тәуелсіздікке» деген сөздің ішіндегі әріптерден жаңа сөз құрастыру. Қай топ көп сөз құрастырады, сол топ жеңімпаз атанады.

1-жүргізуші: - «Көрермендер көрімдігі». Ойыншылар сөздер топтамасын құрастырғанша, көрермендермен ойын ойнайық. Құрметті оқушылар, сендерге бірнеше жұмбақтар жасырамын. Шешуін тапқан оқушыларымызға сыйлығымыз да бар.

1. Айдалада ақ отау,
Ауызы-мұрыны жоқ отау (жұмыртқа)
2. Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды (Күн)
3. Шыр-шыр етеді, құлағыңнан өтеді.
Ұстап алсаң, сөйлеп кетеді (телефон)
4. Үсті – тас, асты – тас, ортасында – піскен ас (нан).

2-жүргізуші: - 6-айналым: «Сұрақ-жауап». Бұл айналымда әр топ бір-біріне сұрақ қояды.

1-жүргізуші: - Ал, енді, көптен күткен сәт те келді. Сайысымыз аяқталуға жақын қалды. Төрешілер ойынымыздың қорытындысын шығарғанша, 6 «А» сынып оқушысының орындауында «Қазақстан» әнін тыңдайық.

2-жүргізуші: - Ал, балалар, Тілдер мерекесіне арналған ойынымыз аяқталды. Мемлекеттік тілдің шынайы жанашыры болуларыңызға тілектеспін.

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде жүрсең де бұл, дұрысы –
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

1-жүргізуші: - Мерекемізді Е.Хасанғалиев ағамыздың «Атамекен» әнімен түйіндейік.

Жібек САНСЫЗБАЕВА,
Орал қаласындағы
№21 жалпы орта
білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

(7-сынып)

Мақсаты: оқушыларды туған Отанын, елін, жерін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ тілінде сауатты сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын байыту, отансүйгіштік сезімін ояту.

1-жүргізуші:

- Сәлем, достар, аман ба?

Мына бейбіт заманда,

Қуантамын бәріңді,

Білімдіден қалам ба?

Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Сіздер «Озық ойлы оқушы» атты сайысқа келіп отырсыздар!

Білім сайысын ашық деп жариялаймыз!

Ақыл – тон аңдығанға тозбайтұғын,

Білім – кен қанша болса азбайтұғын.

Қатарың озып шауып бара жатса,

Арқаның ауруы не қозбайтұғын,- деп Тұрмағанбет Ізтілеуов айтқандай, білім сайысына құлшынып тұрған білімді оқушыларымызды шақырамыз!

(Ортаға қатысушылар келеді)

1. «Сұңқар тобы».
2. «Талапкер».
3. «Жас талап».
4. «Жұлдыздар».

2-жүргізуші:

- Өнер менен білімде

Әркімнің өз жолы бар.

Сайысарлық бүгінде

Өзіндік иелік үнім бар- дегендей, білімпаз жастар
өздерін таныстырып өтсін!

(Жеке-жеке топтар таныстырады).

1-жүргізуші:

- Әділ қазыға ақ қазыға бер сәлем,

Әділдікке бас иеді күллі әлем!

Жүйрік озар сайыстарда неше бір

Сарапқа сал, әділдікпен шеше біл,- дей отырып,
әділқазылар алқасымен таныстырайық!

2-жүргізуші:

- Сайыстың өту барысын түсіндіру.

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

1-Бәйге.

2-Тіл – өнер.

3-Жеті жұмбақ.

(Бірінші бөлімнің шартын түсіндіру)

4-Тест сұрақтары бойынша жарыс, 6 сұрақ беріледі.

3 жауап бар, бір жауап – дұрыс.

«Бәйге десе бұлқынбас жас болар ма?» деп аңсаған
кім?

Бірінші бөлім – «Бәйгені» бастайық! Ал, іске сәт!

Сайыскерлеріміз тапсырманы орындағанша кезекті

Тест

**1. Ең бірінші бақытым-Халқым менің
... Ал екінші бақытым- Тілім менің
... Бақытым бар үшінші –Отан деген!**

Кімнің өлеңі?

- а) Мұқағали Мақатаев;
- ә) Бауыржан Момышұлы;
- б) Мұхтар Шаханов.

**2. Ұлы Отан соғысына қатысып, Отанымызды
жаудан қорғаған халық батыры кім?**

- а) Сәбит Мұқанов;
- ә) Бауыржан Момышұлы;
- б) Бердібек Соқпақбаев.

**3. Абай мен Ыбырайдың ізін жалғастырған ұлы
ғалым, ақын, аудармашы кім?**

- а) Мағжан Жұмабаев;
- ә) Сәбит Мұқанов;
- б) Ахмет Байтұрсынұлы.

**4. Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар.**

- а) тасбақа;
- ә) бақа;
- б) көлбақа.

5. Өлеңмен жазылған шығарма?

- а) әңгіме;
- ә) поэма;
- б) повесть.

1-жүргізуші:

- Кім жұмбаққа жүйрік екен?

«Тіл – өнерді» жалғастырайық!

Бұл бөлімнің шарты – жұмбақтың шешуін 3 тілде айту.

1-жүргізуші:

- Бүгін киген тоным бар
Ертең болар қара тон.
Қара тоным аздан соң
Болып кетер ала тон.

(Жер, Земля, a arth)

2-жүргізуші:

- Үй үстінде ұсақ тас,
Ұстайын десем ұстатпас.

(Жұлдыз, звезда, a star)

1-жүргізуші:

- Құрғақ жерде сақтайсың,
Менсіз тамақ татпайсың.

(тұз, соль, a salt)

2-жүргізуші:

- Қабат-қабат қаптама,
Ақылың болса аттама.

(Кітап, книга, a book)

1-жүргізуші:

- Көрермендер көрімдігі ретінде «Мақал – сөздің мәйегі» деп көрермендерді жарыстырсақ. Осы жұмбақтың шешулерінен мақал-мәтел шығару қажет.

2-жүргізуші: - «Жеті жұмбақ» бөлімінің шарты: пәндер бойынша сұрақтарға жауап беру.

Қазақ тілі:

1. Етістіктің райлары?
2. Синоним дегеніміз не?

3. Антоним дегеніміз не?
4. Сөз таптары нешеу?
5. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
6. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? (42)
7. Қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар? (12)

1-жүргізуші:

Биология:

1. Тірі организмдерге не жатады?
(Өсімдіктер, жануарлар, т.б.)
2. Қызыл кітапқа тіркелген жануарлар?
(Елік, суыр, арқар, т.б.)
3. Өсімдік қалай қоректенеді?
(Оттегімен)
4. Жануар мен өсімдіктердің айырмашылығы?
(жануарлар жүреді, өсімдіктер бір жерде өседі)
5. Қандай құстарды білесіңдер?
6. Тамырда қандай бөлімдер болады?
(тамыр оймақшасы, өткізгіш, сору, т.б.)
7. Гүлдің құрылысын ата?
(аналық, аталық, т.б.)

2-жүргізуші:

Физика:

1. Пішіні мен формасын сақтайтын аққыш зат?
(СУ)
2. Жылдамдық пен уақыт көбейтіндісі?
(жол) $S=V \cdot T$
3. Күнге ең жақын орналасқан планета?
(Меркурий)
4. Ауа ылғалдылығын өлшейтін құрал?
(психрометр)

5. Вольтметр тізбекке қалай жалғанады?

(параллель)

6. Жарық жылдамдығының шамасы неге тең?

(300000 км/сек.)

7. Координата жүйесін енгізген ғалым?

(Дерорт)

1-жүргізуші:

География:

1. Елордамыз қай өзеннің бойында орналасқан?

(Есіл)

2. Перудің астанасы?

(Лима)

3. Ақмола облысындағы қорық

(Қорғалжын қорығы)

4. Дүние жүзіндегі ең үлкен бұғаз?

(Мозамбик)

5. Ең биік сарқырама?

(Анхель)

6. Су бетіндегі жүзіп жүретін мұз тау?

(Айсберг)

2-жүргізуші:

- «Жорға» бөлімін жалғастырайық.

1. Ең ащы көл . (Қарасор)

2. Көлікті күтетін жер.

(Аялдама)

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

(Қазақ тілі)

4. Бөле деген кім?

(Бір үйдің қыздарының балалары)

5. 3 биді ата? (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)

6. Құлагер кімнің аты? (Ақан сері)

7. Күрішті аймақ?(Қызылорда)

8. Республика күні? (25 қазан)

9. Қасиетті сан? (7)

10. Қазақстанның астанасы? (Астана)

11. Сөздің ең түпкі мағына беретін бөлшегі?

(Түбір)

12. Жартылай тұщы, тұйық көл (Балқаш)

13. Нағашы кімнің туысы? (Ананың ағасы)

14. Көмірлі қала (Қарағанды)

15. Ең үлкен жануар? (піл)

16. Аспанда қанша жұлдыз бар?

(саналмайды)

17. Тышқанның жауы? (Мысық)

18. Ойды қалай, немен жеткіземіз?

(Сөйлеммен)

19. Наурыз көжеге неше тағам салынады? (7)

20. Карта жинағы (Атлас)

21. Құстың негізгі мекені? (Ұя)

22. Зат есімнің сұрақтары?

(Кім? Не? Кімдер? Нелер?)

23. Елімнің қамқоры болған адамды не дейміз?

(Азамат)

24. Тілдің негізі не? (Сөз)

1-жүргізуші:

- Шын жүйректер сыналады жарыста,

Жарыстың ба, орта жолда қалыспа.

Әділ қазы бағалайды Сіздерді,

Жеңіс-мәре жақынба әлде алыс па, - демекші, ендігі

сөз кезегін әділқазыларға берейік!

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 02.05.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1510. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – “Према” ЖШС.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№9, 2013 ж., 144 бет, Алматы.